Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 5 (1216)

07.02.2025

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ USAID АГЕНТТІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ПІКІРІН БІЛДІРДІ

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ МАГЕРРАМ МАГЕРРАМОВ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛЕРІНЕ АҚШ-ТЫҢ USAID АГЕНТТІГІНІҢ ДАМУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БІРНЕШЕ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ ЖОЛДАДЫ ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ TENGRINEWS.KZ.

Соңғы кезде АҚШ-тың USAID Агенттігінің ондаған жылдар бойы зиянды жобаларды қаржыландырып келгені жарияланып, белгілі бола бастаған. Илон Маск пен Трамптың өзі бұл мекемені қылмыскерлер басқарып келгені туралы айта бастады. Бұл туралы Магераммов Мәжілістің пленарлық отырысында сөз қозғады.

Мысалы, USAID Колумбияға «трансгендерлік операға» - 47 мың доллар, Перуге – «трансгандерлік комикске» - 32 мың доллар, Египеттегі туризмнің дамуына – 6 млн. доллар, Гватемалаға «жыныстарын ауыстыруға» және «ЛГБТ белсенділігін арттыруға» - 2 млн. доллар, Сербияға іскерлік ұйымдар мен жұмысшылар ұжымдарындағы теңдікті дамытуға 1,5 млн. доллар, Ауғанстандағы көкнәр мен героин өсіру үшін ауылшаруашылығы жабдықтары мен тыңайтқыштар және ирригациялық каналдар үшін жүздеген миллион доллар бөлген, сонымен қатар Аль-Каида басбұзарларына мыңдаған табақ тамақ үлестерін жолдаған. Бұл тек бізге белгілісі. Ал Орталық Азияға келер болсақ, 2022-2025 жылдарға USAID адам құқықтары мен теңдігі сақталуы үшін 2 млн. доллар ақша бөлген. Бір қызығы, бұл бағдарламаны орындаушылар интерсексуалдар мен трансгендерлер, бисексуалдар мен гейлер және лесбиянкалардың европалық халықаралық ассоциациясы. Сонымен қатар ерекшелігі - бұл ұйым АҚШ пен Қазақстан үкіметтері арасындағы жұмыс бағдарламасын сәйкестендіретін орталық болып табылатындығы. Бізге арнап бөлініп жатқан АҚШ қаржысын бөліп жатқан кім екенін, олар қайда құйылып, кімнің қолына түсіп жатқанын, оны қайда, қандай мақсаттарға, қандай жобаларға жұмсап жатқанын білуіміз керек – деді мәжіліс депутаты Магеррамов.

Депутаттың ойынша, біздің елде өтіп жатқан кейбір топтардың белсенділігі қоғам ішіндегі көпшіліктің сұранысына байланысты пайда болып жатқан жоқ, керісінше, сырттан қозғау салынып және қаржылық көмек беріліп, «қоғамда сексуалды аз топтың құқығы қорғалуы тиіс» деген лозунгіге жол берілуде. Мысалы, алматыдағы «әйелдер маршы», «лесбилер парады», осыған ұқсас түсініксіз шерулер сырттан келген қаржылай көмектің арқасында өтіп жатыр. Бұл дегеніңіз адам құқығы сақталуы тиіс деген бізге жат топтардың, теріс идеологияның әрекеті. Осындай әрекеттер біздің өскелең ұрпақтың санасын улап бұзып жатыр.

Осы орайда айта кететініміз, білімге, балалар денсаулығына, экологиялық бағдарламаларға беріліп жатқан шетелдік қаржылай көмектермен шерулерге беріліп жатқан қаржыны шатастырмау керек. Сондықтан да біз сырттан үкіметтік емес ұйымдарға келіп жатқан бақылаусыз қаржылай көмектерден сақ болуымыз керек. Қоғамды іштен ірітетін демеушілердің осындай қаржылай көмегінен аулақ болуымыз керек. Жоғарыда аталған министрлер ондай қаржыны тексеріп, Қазақстанда теріс идеясы бар шерулерге жол бермегеніміз жөн – деді депутат. Естеріңізге сала кетейік, Дональд Трамптың әкімшілігі USAID-тың жұмысын сынға алды. Ақ үйдің сайтында Агенттік туралы «лауазымды пайдаланып қаржы шашқыш» деген ақпарат пайда болды. Қазір АҚШ-тың ЮСАИД Агенттіктің қазынасы мен мақсатты бағдарлармалары тексерілуде.

Орысшадан аударған
Баян ТАҢАТАРОВА

БАЙҚАУ

АТАЛАР ЖЕҢІСІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

«Алатау» газеті 2025 жылдың ақпан айынан бастап 30 сәуірге дейін 1941-1945 жылдардағы соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арнап Жетісу облысының мектеп оқушылары арасында шығармашылық байқау жариялайды.

Байқау шарты :

1. Жауынгер аталар туралы жазылған шығарма көлемі А-4 форматы бойынша 3 беттен аспауы керек.
2. Шығарма кейіпкерінің суреті. Кейінгі жылдардағы сурет болса да жарайды.
3. Автордың суреті мен мекен-жайы
4. Суреттер мен шығарманы мына электронды поштаға салуға болады **alatau.offset@mail.ru**
5. Немесе **8-776-970-07-18, 8-771-465-13-13** телефондарының ватсабына жіберуге болады.

Байқау қорытындысы мамырдың алғашқы күндері қорытындалып, жеңімпаздар белгіленеді. Атаңыздың аты өшпесін, қатысыңыз!

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

2024 жылдың қорытындысында Жетісу облысында экономиканың өсімі 114,8% құрап, Мемлекет басшысының 6% деңгейінде тұрақты өсім қамтамасыз ету тапсырмасы орындалды.

Жиында айтылғандай, облыста жалпы өңірлік өнім көлемінің өсімі 9-10% деңгейінде күтілуде. Ауыл шаруашылығында өсім - 3,0%, өнеркәсіпте - 3,4%, тұрғын үй пайдалануға беру - 15,2%, құрылыс жұмыстары 1,5 есе, сауда көлемі 1,2 есеге артты. Мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер 313 млрд. теңгеден асты, оның ішінде тек жергілікті кірістер 118 млрд. теңгені құрады.

***

Жыл қорытындысы бойынша үздіктер марапатталды. Атап айтқанда, Панфилов ауданының әкімдігі «Үздік аудан» атанып, трактор сыйға тартылды. Үздік мекеме ретінде «Жетісу» телеарнасы танылып, арнаға жаңа студия жабдықтары берілді. Өз кезегінде құрылыс басқармасы үздік басқарма атанды. Бұдан бөлек, өз салалары бойынша тиімді басшылық жасаған облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Рауан Дауталинов, мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, жер қатынастары басқармасының басшысы Ермек Әпеков, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков, Ескелді аудандық мәслихатының төрағасы Қанат Сатанов «Адал қызметі мен еңбегі үшін» арнайы алғыс белгісі табысталады.

***

Жетісу облысында жұмысшы мамандықтары жылы аясында «Еңбекпен ер атанған» көш керуені мәдени шаралары басталды. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен қолға алынған іс-шара аясында еңбектің құндылығын ұғындыратын кітаптар мен суреттер көрмесі, музей жәдігерлерінен көрмелер қойылып, концерттік бағдарламалар ұсынылуда. Бүгінге дейін осындай көш керуен Ескелді, Көксу аудандарында болып өтті.

***

Өткен айдың соңында облыстың санитариялық-эпидемиологиялық саласы көрсетілген мемлекеттік қызметтер» бойынша есеп берді. Спикер Жетісу облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ахметов Самат Махаббатұлы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің нәтижелерін баяндап, қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз ету мәселесі туралы баяндады.

- *«Департамент тарапынан 716 түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылып, оның ішінде әлеуметтік желілерде 216 жариялым жасалып, 41 семинар, 10 жиналыс және бірнеше тікелей эфир өткізіліп, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрғындармен тиімді жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар, электрондық үкімет порталдары (egov.kz, e-license.kz) арқылы қызметтерді алу үрдісі жеңілдетіліп, әкімшілік процестердің ашықтығы мен қолжетімділігі артты. 2024 жылы Жетісу облысының департаменті мен оның аумақтық бөлімшелеріне мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдар түспеді»*, - дейді департамент басшысының орынбасары Ахметов Самат Махаббатұлы.

***

Жетісу облысының Сәулет және қала құрылысы басқармасының бөлім басшысы Жанабай Асанәлі Мамырханұлы қатысып, алдағы уақытта өңірде жүзеге асырылатын қала құрылысы жобалары жөнінде баяндады.

Бүгінгі таңда облыстық барлық 358 елді мекенді бас жоспарлармен қамтамасыз ету 100% құрайды. Ал егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларымен (ЕТЖЖ) қамту көрсеткіші 16,8% (60 елді мекен) деңгейінде. 2025 жылы іске асырылатын негізгі жобалар аталды. Олар Жетісу облысының кешенді схемасы, Текелі қаласы Қонаев көшесінің бойына ЕТЖЖ, Алакөл ауданы (Лепсі, Ақтүбек, Бұлақты, Жайпақ ауылдары) – біріктірілген бас жоспар (БЖ) және ЕТЖЖ, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылының оңтүстік-батыс бөлігі – ЕТЖЖ, Сарқан ауданы Қойлық ауылы – біріктірілген БЖ мен ЕТЖЖ, Қаратал ауданы Ескелді ауылы – біріктірілген БЖ мен ЕТЖЖ.

Брифинг барысында журналистер спикерге: *«Қаладағы демалыс орындарын дамыту бойынша қандай жұмыстар жүргізілуде? Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?»,- деген сауал жолдады. Жауап: «Жаңадан әзірленіп жатқан бас жоспарымызда бізге белгілі Ардагерлер саябағының артындағы Қаратал өзенінің жағалауын үлкен саябақ ретінде қарастырып отырмыз. Ол жерде балық аулайтын және сырғанақ тебетін алаңдар, сондай-ақ басқа да демалыс орындарын жобаға енгізуге болады»*, - деді сәулетші.

***

Жетісу облысы полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы процессинг орталығының бастығы Есембаев Әсет мопед жүргізушілеріне қатысты заңға енгізілген өзгерістерді түсіндірді.

Жетісу облысында жүргізуші мопед құралын тек полицияда тіркеуден өткізіп, А1, А немесе В санатындағы жүргізуші куәлігі болған жағдайда, техникалық тексеруден өтіп және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты жасалғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

- *«Азамат жеке басты куәландыратын құжаттарды және мопедтің техникалық құжатын немесе техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді ұсыну керек. Әтініш толтырып, мопедті тексеруден өткізіп, мопедті тіркеуге (0,25 АЕК немесе 983 теңге), тіркеу куәлігін беруге (1,25 АЕК немесе 4 915 теңге) және мемлекеттік нөмірге (1,4 АЕК немесе 5 505 теңге) арналған мемлекеттік баждарды төлеу қажет»*, - дейді полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы процессинг орталығының бастығы Әсет Рыскелдіұлы.

***

ҚР ҮҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы қоян-қолтық ұрыстан Жетісу облысының чемпионатына арналған сайыста жақсы нәтиже көрсетті. Спортты жанына серік еткен Алакөл ауданының әскери қызметшілері үздік үштіктен көрінді.

Атап айтсақ, 62 келі салмақта қатардағы жауынгер Б.Сықақов II орын, 88 келі салмақта кіші сержант Е.Тұңғатаров III орыннан бой көрсетсе, 97 келі салмақта сержант Е.Борашев чемпион атанды.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ОРМАН, ДАЛА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!

Орман өрті – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағайдан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – адамдардың өрт қауіпсіздігін сақтамағандықтан.

Әр жыл сайын сәуір айынан бастап орман дала өрті қауіпсіздігін алдын-алу іс шаралары іске аса бастайды. Іске асыру орман қызметкерлері мен орман күтушіге бекітіліп берілген айналымдарда жүргізіледі. Орман өртін болдырмау үшін орманда жүргенде өрт қауіпсіздігіне мұқият болу керек. Өрт көбінесе адами факторлардан туындайды: темекі қалдығын сөндірмегенде, демалыс орындарына барғанда жаққан отын толығымен өшірмегендіктен.

Орман өртенсе еліміздің, жеріміздің экологиясына, экономикасына жалпы тіршілік атауына зияны өте көп. Орманды өрт апатынан сақтау өз қолымызда ағайын! Орман өртін болдырмау адамзаттың бәрін ойландыруы керек.

Дархан ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
«Қапал орман шаруашылығы»
КММ-нің 1-ші айналым орман күтушісі

ТЫШҚАННЫҢ ЖҮРМЕЙТІН ЖЕРІ ЖОҚ

Жетісу облысының ауыл мектебінің асханасында тышқан жүргені жайлы жазба тарады. Бұл оқиғаға қатысты Ақсу ауданының білім бөлімі түсініктеме берді, деп хабарлайды Azattyq Ruhy.

Мектеп Ақсу ауданы Алтынарық ауылының Қаракемер орта мектебінің асханасы болып шыққан. *«Аталған мектеп асханасын 2024-2025 оқу жылына «Шебер» жеке кәсіпкерлігі басқаруға алған. Мектеп асханасына дератизация жұмыстары санитарлық талаптарға сәйкес жүргізілген. Бұл мақсатта денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Жетісу облысы бойынша филиалының Ақсу аудандық бөлімшесімен келісімшарт жасалған. 2024 жылдың қараша айында асхананы залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, ол үшін «Фипрат ALT» атты арнайы препарат қолданылған»,* - деп хабарлады аудандық білім бөлімі.

Сондай-ақ, оқу жылының басында ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Ақсу аудандық басқармасы білім беру ұйымдарына тексеру жұмыстарын жүргізгенін атап өтті. Ақсу аудандық білім бөлімінің хабарлауынша, барлық жұмыс бекітілген санитарлық талаптарға сай орындалған.

НАҒЫЗ «ТАҚИЯЛЫ ПЕРІШТЕ» ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ

«Тақиялы періште» фильміндегі Тайлақ прототипіне негіз болған Сакко Қаратаев қайтыс болды, деп хабарлайды Orda.kz.

«Тақиялы періште» фильмінің желісі өмірде болған оқиғаға негізделген, тек кейіпкерлерінің аттары Тана емес Айнагүл, Тайлақ емес Сакко. Фильмге негіз болған оқиғаны Дархан Өмірбек Facebook парақшасында баяндап берді.

Журналистің сөзінше, Айнагүл апаның бір қызы режиссер Кәукен Кенжетаевқа тұрмысқа шыққан. Ал ол енесі мен қайын інісінің хикаясын режиссер Шәкен Аймановқа әңгімелеп берген.

Сакко – балалардың кенжесі. Әкесіз өсті – деп жазады кейбір дереккөздер. Әкесі «халық жауы» болып кеткен ...Айнагүл екі ұлын ұяға, төрт қызын қияға қондырған. Анасы жуас кенжесі үйленбей қала ма деп уайымдап, іске кіріскен. Айнекең, шапанын киіп, белін байлап, қолына таяғын алып, Сакконы жетектеп жолға, болашақ келін іздеуге шығады. Айнекең: «Трамвайға, не троллейбусқа мініп, қаланы айнала берсе, неге тәуір қыз кездеспес дейсің?» деп ойлайды. Трамвайда жай қарап отырмай, өзіне ұнаған қыз көрінсе, оны жанына шақырып алып: – «Қарағым, қайда оқисың, басың бос па, қай жердің қызысың?» деп сұрақ қоя бастайды. Көктен іздегені жерден беріп, тап үйдің іргесінде медицина училищесінің қыздарының жатақханасы бар екені Айнакеңнің ойына сарт ете қалады. Айнекеңнің ойы: «Ол қыздың көркемдік жағы жаман болмауы керек, ақылды, үлкендерді сыйлайтын болу керек, өзі және Ақмола облысынан болса тіпті жақсы. Міне, осы сын көзінен өткен Саккоға әйел бола алады».

Алайда қанша тырысса да, келін таппайды. Айнагүл ауырып, басының сақинасы ұстап, төсек тартып жатып қалады. Бір күні Сакко қатты дауыстап, үйге кіріп келеді. Келін әкеліпті. Келін Айнакең іздегендей, дәл ойынан шығады. Қатты қуанып, ағайындарды шақырып, дереу той да өтеді. Шәкен Айманов бұл әңгімені естігенде қатты күліп, көп ұзамай осы әңгіме негізінде «Тақиялы періште» атты фильмін түсіре бастады.

«Осылайша, менің әкем мен апам сүйікті фильмнің басты кейіпкерлерінің прототипіне айналды. Апам арманына жетті, ол 94 жасында дүниеден озды, ол кезде мен 17-де едім. Мен оның ең жақсы көретін ұлы – «Періштенің» ең сүйікті қызы едім», - деп айтыпты Әлия Балапанова.

Қаратаев Сакко Бейсекұлы 1 ақпан күні 88 жасында ақтық сапарға аттанды. Рольдегі періште прототипінің иманы саламат болсын! Өкінішке орай әлеуметтік желілерде ол кісінің жарияланған суреттерін таппадық. Ал тақиялы періштенің рөлін сомдаған Әлімғазы Райымбеков те мәңгілік сапарға кеткеніне төрт жыл болыпты. Ол кісі 2021 жылғы 19 қаңтарда қайтыс болған еді.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИТОГИ ПРОШЛОГО 2024 ГОДА

По итогам 2024 года темпы роста экономики области Жетісу составили неплохие показатели - 114,8%. Это стало известно на заседании акимата под председательством акима области Жетісу Бейбита Исабаева, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Как было отмечено в ходе совещания, в частности, в сельском хозяйстве рост составил 3,0%, промышленности – 3,4%, ввод жилья в эксплуатацию – 15,2%, при этом объем строительных работ вырос в 1,5 раза, а объем торговли – в 1,2 раза.

Поступления в государственный бюджет составили 313 млрд. тенге, в том числе местные доходы – 118 млрд. тенге.

Остановившись на принятии мер для решения актуальных вопросов, аким области Бейбит Исабаев отметил:

- В ходе расширенного заседания Правительства Глава государства определил 8 основных направлений. Подчеркнув, что экономический рост напрямую влияет на повышение качества жизни населения, отметил, что развитие экономики во многом зависит от объема привлеченных частных инвестиций. В этой связи акимам районов и городов необходимо наладить эффективную работу с инвесторами.

По поводу затянувшихся объектов строительства поручено расторгнуть договоры с недобросовестными подрядчиками, приняв меры по их завершению до конца года. Как подчеркнул глава региона, каждый аким районов и городов несет персональную ответственность за целевое и своевременное освоение бюджетных средств.

Выслушав доклады нескольких руководителей областных управлений, Бейбит Исабаев поставил перед ними ряд задач. В сфере строительства нужно ввести в постоянную практику методику разработки и привязки типовых проектов, то есть их повторное использование для сокращения расходов бюджетных средств.

- В целом 2024 год завершили с хорошими результатами. По исполнению краткосрочного экономического индикатора регион занимает в республике 2 место. Самое важное – повышение качества жизни населения. Это главное поручение Президента страны. За последние 2 года уровень газификации региона подняли с 29% до 56,5%, а до конца года составит 72%.

КРАЖА ДЕНЕГ СО СЧЕТОВ КАЗАХСТАНЦЕВ

МОШЕННИКИ ПРИДУМАЛИ НОВЫЙ СПОСОБ

ОН СВЯЗАН С ФАЛЬШИВЫМИ ПРИЛОЖЕНИЯМИ ,ЯКОБЫ, ГОСОРГАНОВ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.,ХАКЕРЫ СТАЛИ СОЗДАВАТЬ ПОДДЕЛЬНЫЕ ПРИЛОЖЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ НА ОСНОВЕ ТЕХНОЛОГИИ NFC — БЕСПРОВОДНОЙ ПЕРЕДАЧИ ДАННЫХ НА КОРОТКИЕ РАССТОЯНИЯ.

Такие карты ЦБ РК», «Номад КЗ».Такие модули встроены в телефон и помогают расплачиваться в магазинах смартфоном и снимать деньги в банкоматах. Но злоумышленники начали использовать их для кражи денег со счетов. Так, мошенники под разными предлогами уговаривают человека установить на смартфон отдельную NFC-программу, чтобы, например, обезопасить профиль на госуслугах, подать заявление на уплату налога, защитить банковские карты или что-то другое», — говорится в сообщении, распространенном в пятницу, 31 января 2025 года.

Чаще всего фальшивые приложения маскируют под мобильный сервис налоговой, банков РК и других ведомств. Программы могут называться «Защита ЕГОВ» и др.

«Если аферистам удалось уговорить человека, и он скачал программу, то жертве предлагается “для верификации” приложить банковскую карту к смартфону. В этот момент NFC-модуль его гаджета передает все реквизиты карты преступникам. Таким образом, мошенники создают виртуальную копию карты на своем устройстве и снимают с нее деньги в банкомате, либо используют ее для оплаты покупок в магазинах», — констатировали специалисты Telegram-канала.

ШТРАФА ЗА ПРОГРЕВ МАШИНЫ БОЛЕЕ 5 МИНУТ НЕ СУЩЕСТВУЕТ

Депутаты Мажилиса попросили МВД объяснить "вводящую в заблуждение" информацию о существовании штрафа за прогрев авто дольше пяти минут, передает Tengri Auto.

Как сообщили в пресс-службе Мажилиса, в ходе дискуссии депутаты, обращаясь к вице-министру внутренних дел Игорю Лепехе, подчеркнули важность оперативного реагирования на резонансную информацию, "вводящую граждан в заблуждение". В частности, как пояснили депутаты, речь шла "о якобы имеющихся штрафах за прогрев автомашин более пяти минут".

- К ответственности по этой норме привлекаем только по заявлению. В прошлом году таких случаев было три, один из них прокуратура отменила. То есть за прогрев двигателя мы к ответственности не привлекаем. Эта проблема из пальца высосана", – заверил заместитель министра.

КАЗАХСТАНЦЫ СОЗДАЛИ ПЕТИЦИЮ ПРОТИВ СНИЖЕНИЯ ПОРОГОВ НДС

На официальном сайте с петициями в Казахстане появилось обращение граждан, которые против снижения порогов НДС до 15 млн тенге. По их словам, существующий порог в 20 000 МРП уже создает сложности, передает Ulysmedia.kz.

Что произошло

Адвокат Алматинской городской коллегии Жангельды Сулейманов и председатель палаты юридических консультантов Астаны Ануарбек Скаков опубликовали петицию с требованием не снижать порог НДС в Казахстане.

Что не так с порогом

По их мнению, даже текущий порог в 20 000 МРП (78,64 миллиона тенге в 2025 году) уже создает сложности, и многие предприниматели стараются не превышать его.

Постановка на учет по НДС обяжет предпринимателей добавлять к ценам на их товары, работы, услуги, еще и сумму НДС, которую планируют поднять до 20%. Поэтому, минимально их цены увеличатся на 20%. Но в действительности, цены повысятся более значительно, - считают они.

Кроме того, они указали, что многие предприниматели либо сами производят товары и услуги, либо закупают их у поставщиков, не являющихся плательщиками НДС. Например, закупки на рынках. В таком случае им придется выплачивать НДС в бюджет практически в полном объеме.

НДС во всём мире считается самым сложным налогом для исчисления. И у нас в Казахстане судебные органы и Высшая аудиторская палата отмечала неопределенности и многочисленные нарушения в толковании НДС со стороны налоговых органов. Безусловно, МСБ тем более не сможет самостоятельно исполнять налоговые обязательства по НДС и при этом, не сможет также получать квалифицированную помощь специалистов в виду дороговизны их услуг, - считают авторы петиции.

Эксперты также опасаются, что с введением новых требований возрастет количество претензий со стороны налоговых органов к бизнесу, что приведет к частым уведомлениям камерального контроля, налоговым проверкам и, как следствие, доначислениям налогов, оспорить которые будет сложно. Кроме того, налоговые органы применяют строгие меры за любые нарушения, включая арест счетов, снятие с учета по НДС и блокировку ЭСФ, что может привести к банкротству и закрытию бизнеса.

Мы привели восемь негативных последствий для МСБ. В реальности, их будет больше. Ясно, что понижение порога приведет к сокращению МСБ или затруднит его. Просим Вас, отказаться от идеи о снижении порога постановки на учет по НДС до 15 миллионов тенге, - обратились авторы к министерству национальной экономики.

НДС

Ранее член Налогового альянса Казахстана и парламентской рабочей группы по налоговому кодексу Жанар Сулейменова заявила, что, хотя правительство признало проблемы в налоговой системе, ему следует снизить темпы и не проводить реформу поспешно.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

Команда лыжников из Талдыкоргана одержала уверенную победу в областных состязаниях, передает Vestnik 19. kz со ссылкой на пресс-службу акимата города. Команду представили 12 лыжников, показавших лучшие результаты. В итоге в командном зачете сборная областного центра заняла первое место и возвратилась домой с победой – отметили в акимате города Талдыкорган.

* * *

В области Жетысу на закрытом участке автодороги в снежном заносе застрял автомобиль, в котором находились два человека. Спасатели МЧС добрались на них на вездеходе и эвакуировали на станцию «Достык», в медицинской помощи они не нуждались.

* * *

Прокуратура области Жетысу выявила посещение школьниками запрещенных интернет-ресурсов, передает Tengrinews.kz."В семи школах Коксуского района в кабинете информатики 4 тысячи учеников посетили запрещенные сайты, включая религиозный ресурс "Игра Сатаны" и сайт с контентом для взрослых", - говорится в сообщении. По этим случаям привлечены к дисциплинарной ответственности 7 преподавателей. Данные сайты, по информации ведомства, были заблокированы.

* * *

Вымогателя осудили на 8 лет в области Жетысу. Бывший сотрудник ТОО вымогал у предпринимателя квартиру стоимостью 16 млн тенге, передает агентство Kazinform со ссылкой на прокуратуру области Жетысу.Квартиру подсудимый требовал в обмен на неразглашение информации о нарушениях, допущенных в ходе коммерческой деятельности.

* * *

Жители села Лепси в области Жетусы уже более 50 лет берут воду для питья из колодцев или используют воду из реки, сообщает корреспондент Kazinform. Лепси — село, расположенное в отдаленной приграничной части Алакольского района. В нем около 330 домов и более 1000 жителей.

Местные жители вынуждены пользоваться тонкими трубами, которые едва ли можно назвать полноценным колодцем.

* * *

Хасана Касымбаева, которого называют лидером талгарской ОПГ «Хуторские», обвиняют по трем уголовным статьям. В отношении указанного лица проводится расследование по фактам похищения человека, умышленного причинения тяжкого вреда здоровью и вымогательства. После завершения следственных действий материалы дела будут переданы сторонам для ознакомления.

* * *

На фоне повышения ставки налога на добавленную стоимость (НДС) правительство Казахстана планирует упразднить социальный налог и обязательные пенсионные выплаты работодателей.. Об этом сообщил заместитель премьер-министра – министр национальной экономики Серик Жумангарин. Президент Касым-Жомарт Токаев одобрил предложение министра, однако заявил, что реформу необходимо обсудить с населением и тщательно исследовать.

* * *

За последние три года в результате оперативных мероприятий, обысков и рейдов было обнаружено и изъято около 8 тыс. единиц огнестрельного и травматического оружия, 831 граната, более 112 тыс. патронов различного калибра и 722 места, где было спрятано оружие. «В ходе беспорядков было похищено 2960 единиц служебного и гражданского оружия. Сегодня точно установлено происхождение 1226 единиц оружия, похищенного во время январского инцидента».Об этом 4 февраля сообщается на сайте МВД республики.

* * *

Казахстан открывает новый авиарейс в Индию. С 20 апреля авиакомпания "Air Astana" начнёт выполнять регулярные рейсы по новому маршруту Алматы – Мумбаи, сообщает Министерство транспорта. Самолёты будут летать три раза в неделю на воздушных судах типа Airbus. Новый маршрут увеличит количество пассажирских рейсов между двумя странами до 21 в неделю. Сейчас авиакомпании выполняют полеты по четырём направлениям.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА «ЖАРЫМЖАН» ЖАРНАМАЛАР КӨП

ҚАЗІРГІ ТАҢДА КӨШЕЛЕР МЕН ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА ТҮРЛІ ЖАРНАМАЛАР МЕН БАННЕРЛЕРДІ ЖИІ КЕЗДЕСТІРУГЕ БОЛАДЫ. ОЛАРДЫҢ МАҚСАТЫ – ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ТАРТУ, ӨНІМ МЕН ҚЫЗМЕТТІ НАСИХАТТАУ. БІРАҚ ОСЫ БАННЕРЛЕРДІҢ КЕЙБІРЕУЛЕРІ КҮЛКІЛІ, ТІПТІ МАҒЫНАСЫЗ БОЛЫП ШЫҒАТЫН ЖАҒДАЙЛАР ДА АЗ ЕМЕС. БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕСІНЕ АЙНАЛҒАН САУАТСЫЗДЫҚТАН ҚАШАН АЙЫҒАМЫЗ? БҰЛ КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ЖАРНАМА АГЕНТТІКТЕРІНІҢ БЕДЕЛІНЕ ҒАНА ЕМЕС, ТҰТАС ҚОҒАМНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕ КЕРІ ӘСЕР ЕТУДЕ.

Билбордтар мен жарнама тақтайшаларындағы, көгілдір экрандағы сауатсыз жазылған, калька түрінде аударылған жарнамалардан көз сүрінеді. Мұндай дұрыс аударылмаған немесе сауатсыз жазылған жарнамалар үшін кәсіпкерлер немесе жауапты адамдарға айыппұл салына ма? Ана тіліміз қазақ тілі бола тұра сауатсыз хабарламалардың көптігі қатені көрген көзі қарақты жанды алаңдатпайды ма?

Мұндай жарнама агенттіктерінде түрлі билбордтар үлкен көлемде өндіріледі. Қала орталығынан жарнама мен түрлі бағытта қызмет көрсету орталықтарының сыртындағы аты да, орысшадан аударылған мәтіні де қате жазылған жерлер бар. Мақалада мысал ретінде бірнеше орындар мен жарнамаларды жариялауды жөн көрдік.

Қателерден көз ашпауымыздың себебі неде?

Жақсы, қазіргі уақытта көп жарнама мәтіндері автоматты аударма құралдары немесе онлайн редакторлар арқылы жасалады делік. Бұл технологиялар көптеген тілдердің құрылымын дұрыс түсінбеуі мүмкін. Көп жерден байқағанымыз орыс тілінде мағынасы дұрыс жазылған жарнама мәтіндері қазақ тілінде қарауға тұрғысыз. Аударма мәтіні мүлдем басқаша жазылып, мән-мағынасы қалмайды. Бір қарағанда күліп «Мына қатені қара. Масқара, мағынасы басқа ғой» - деп айтарсыздар. Бірақ бұл күлуге тұрарлық іс емес. Керісінше, ұяттан жерге кіріп, жылайтын мәселе ғой.

Менің ойымша жарнама жасау, тақталар орнату барысында тіл білімінің терең меңгерілуі шарт. Алайда, кейбір жағдайларда жарнама агенттіктері немесе дизайнерлер мәтінді дұрыс тексермейді, салдарынан қате жазылған баннерлер пайда болады. Әсіресе, егер жарнама жұмысын толықтай компьютерлік бағдарламалар мен машиналық аударма құралдарына тапсыруға шешім қабылданса, мұндай қателіктерден құтылу қиын.

Десе де бар кінәні цифрлық жүйеге жаба бере алмаймыз. Себебі қоғамда қазақ тілін білетін адамдарға өтемақы беріп, қалаған сөзді өз білгенінше аудара беретіндер де жеткілікті. Бұны тілге деген құрметтің төмендігі дейміз бе? Қазақ тіліне деген құрметтің жоқтығы әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жиі сынға ұшырайды. Бұл тұтастай қоғамның мәдениетіне зиян келтіретін мәселе. Тіпті, қазақ



тілінің грамматикасы мен емле ережелеріне немқұрайлы қарау жағдайлары да көптеп кездеседі. Бұл тек тілдік мәдениеттің төмендігін ғана емес, қоғамдағы жалпы сауаттылықтың да белгісі. Қазақ тілінде сауатты жазу да, оны дұрыс қолдану да - еліміздің мәдениеті мен білім деңгейін көрсететін белгі.

Жарнама сапасына жауапкершілікпен қарау керек. Қателіктерді болдырмау үшін жарнама жасаушыларға сапаны бақылау жүйесін енгізу қажет. Жарнаманың сапасы компанияның имиджіне және оның тұтынушылармен байланысына тікелей әсер етеді.

Қате жазылған жарнамалар мен баннерлер қазіргі қоғамда жиі кездесетін мәселе. Бұл тек жарнама сапасының төмендігін көрсетіп қана қоймай, мәдениетімізге, білім деңгейімізге де әсер етеді. Жарнама жасаушылар мен кәсіпкерлердің кәсібилігі мен жауапкершілігін арттыру арқылы, жарнама индустриясын сапалы әрі әсерлі етуге мүмкіндік туар еді. Жарнаманың мәтіні тек өнімді емес, тұтас қоғамның мәдениетін, тілін, дәстүрін көрсетуі керек.

Қала орталығындағы қате көше жарнамалары

Құрылыс, көше, ғимарат, тауарлар, сауда орындары, ойын-сауық орталықтары, дүкендер мен супермаркеттер және басқа да нысан атауларындағы жарнама мәтіндерінің дұрыс жазылуы мен эстетикалық жағынан безендірілуі – қала әсемдігінің маңызды бір бөлігі. Бүгінгі таңда көшедегі көрнекі құралдардағы тіл заңдылығының сақталуы ең өзекті мәселеге айналды. Қала көшелеріндегі жарнамалар мен маңдайша жазуларды, ақпараттық хабарламаларды заң талабына сәйкес реттеу мәселесі бұрын да бірнеше рет көтеріліп, газет беттерінде талқыланған. Бірақ, сауатсыз жазылған жарнама тақтайшалары әлі де азаяр емес.

«Алатау» газетінің редакциясы да Талдықорған қаласының орталығындағы жарнама және билбордтардағы көз көрген қателерді тексеріп, газет бетіне жариялауды жөн санадық.

Бір ғана қала орталығындағы Қабанбай батыр көшесінде бірнеше қате атаулар мен жарнамалар жеткілікті. Соның бірі LC Waikiki киім дүкенінің жанынан жаңадан ашылған телефон аксессуарлары дүкені. Дүкен сыртына ілінген жарнамада орыс тілінде «Держатели для телефонов» деп жазылған сөз қазақ тілінде «Телефон ұстаушылар» деп жазылған екен. «Ұстаушылар» сөзі қазақ тілінде тірі жанға айтылмаушы ма еді?

Сол дүкендегі тағы бір қате жазылған сөздің орысшасы «Чехлы» болса, ол қазақ тілінде «Қақпақтар» делінген. Бұл сөздің мағынасы мүлдем басқа емес пе? Қақпақ телефонға тағылмайды, ол ыдыстың бетін жабуға қолданылады. Екі сөздің де мағынасы өзгерген, оқысаң жағаңды ұстайсың.

Енді тағы бір жарнамада «Время для спорта» деп жазылған сөйлем «Уақыт спорт үшін» деп аударылыпты. Орыс тіліндегі мәтінді аудармашы платформаларға салып, қоя салғаны көрініп тұр.

Орталықтағы асханалардың бірінде «№1 Лағман, плов, сорпа орталығы» делінген. Қазақ тілінде жазылған тақырыпта «пловтың»

қазақша атауы болмады ма екен деген сұрақ туындайды. «Палау» сөзі қайда қалды?

Келесі қате медициналық қызмет көрсететін орталықтың бірінде орналасқан. Аталған қатені көрмеу мүмкін емес. Билбордта «Жанға дауа» сөзі «Жаңға дауа» деп жазылған. Бұл қатенің тұрғанына талай уақыт болды. Әлі күнге өзгертілмеген. Сөйлеу кезінде «ң» мен «н» әріптерін айыра алмайтындар көп шығар бәлкім.

Алайда «жанға дауа» сөзін мектеп жасындағы оқушыларда дұрыс жаза алады ғой. Бұл ана тіліміздің абыройына кері әсер етеді.

Тағы бір жарнамада «Роддомға бізбен бірге жиналып сыйлық ал» деп жазылыпты. Роддом сөзі орыс тіліндегі сөз емес пе. Оны қазақ тіліндегі «Перзентхана» сөзімен алмастыруға болмаушы ма еді.

Қарай берсең әлі де қателер кезігері анық. Оларды да келесі сандарда жаза жатармыз. Бірақ ана тіліміздің қатенің астында қалғаны тіл жанашырларын алаңдатпай қоймайды. Орысшаланып кеткеніміз сонша қазақ тіліндегі бір сөз бен сөйлемді дұрыс аударуға қауқарымыз жоқ. Осылай жалғасса не болмақ?

Бұдан басқа автобустағы жарнамада, көше аттарындағы қателерді байқауға болады. Ілияс Жансүгіровтің тегі «Жансүгуров» деп берілсе, екіншісінде Ләззат Асанованың есімі «Ләзат», бірінде «Ляззат» деп жазылған. Бұлардың барлығы қарапайым адам үшін сауатсыздықтың белгісі емей немене?

Айта берсек, бір ғана қала орталығында ғана емес, Талдықорғанның барлық аймағында жарнама саласында орын алған келеңсіздіктер аз емес. Жоғарыда аталған жарнама берушілердің қатесі түзеле ме? Оған кім жауап береді? Мұндай қателерді кім тексереді? Неге тиісті шаралар қабылданбайды? Қояр сауал көп...

Қала көшелері мен базар, сауда орталығындағы жарнамалық жазулар қадағалануы тиіс. Қала көшелеріндегі қате жарнамаларды байқасаңыз, редакцияға суретін, мекен-жайын жіберулеріңізді сұраймыз.

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КІТАП ОҚЫМАҒАН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ БҰЛЫҢҒЫР

WORLD POPULATION REVIEW ДЕРЕГІНЕ СӘЙКЕС ҚАЗАҚСТАН КІТАП ОҚИТЫН 98 ЕЛДІҢ АРАСЫНАН 92-ШІ ОРЫНҒА ЖАЙҒАСТЫ ДЕГЕН МӘЛІМЕТ ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІН КЕЗІП ЖҮР. КӨРСЕТКІШКЕ СҮЙЕНСЕК, ЕЛІМІЗДЕ ЖЫЛ САЙЫН ОҚЫЛАТЫН КІТАПТАР САНЫ 2.77, АЛ БІР ЖЫЛДА КІТАП ОҚУҒА ЖҰМСАЛАТЫН САҒАТ САНЫ 65 ДЕП ЕСЕПТЕЛГЕН. ЕГЕР ЖАҒДАЙ ОСЫНШАЛЫҚТЫ КҮРДЕЛІ БОЛСА, КІТАП ОҚЫМАЙТЫН ХАЛЫҚТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Дана халқымыз «Кітап – жан азығы» дейді. Әйгілі ғалым, ақын-жазушылар ғасырлар сабақтастығынан осынау заманға дейін ұрпаққа ұлағаттылықты, ұлттық құндылықтар мен тәлім-тәрбиені бойға сіңіруге арқау болған сан мыңдаған кітаптарды туындатты. Бірақ, әттеген-айы 21 ғасырда оны оқып, рухани азық қылған жанның аздығы. Ғылым, мәдениет, тарих, философия, әдебиет секілді салалардағы білімдер кітап арқылы таралған. Адамзат баласы өзінің ойын, ізденісін, ашқан жаңалықтарын осы күнге дейін кітап арқылы сақтап қалды. Кітап оқудың адамзат баласына тигізер пайдасы басым. Бұған ешбір жан қарсы шыға алмайды. Жалпы мәдениет тарихында адамзат ұрпағының, әр халықтың алатын орны оқыған кітабының санымен айқындалады. Ондай болса, біздің алар орнымыз қайда?

Қазіргі таңда ғылым мен білімнің дамуымен қатар, кітаптың орны мен рөлі ерекше маңызды болып тұр. Алайда, кітап оқуға қызығушылықтың төмендеуі, әсіресе жас ұрпақ арасында, елдің болашағына қауіп төндіреді ме деп қорқамыз. Білімді ұрпақ – болашаққа сенімді қадам. Кітап арқылы адам баласы өмірдің әртүрлі саласында білім алып, шындықты, әділеттілікті, құндылықтарды түсініп, өз жолын табады.

Қазіргі кезде жастардың кітап оқуға деген қызығушылығы біршама төмендеуде. Жаңа технологиялардың, интернеттің дамуы кітаптың орнын толығымен алмастырғандай әсер қалдырады. Әлеуметтік желілер, ойындар мен басқа да цифрлық өнімдер жас ұрпақтың уақытын айтарылықтай алады, бұл кітап оқуға көңіл бөлуге кедергі болған басты мәселе. Сонымен қатар, подкасттар мен аудиокітаптар сияқты жаңа формалар дамып келеді, олар кітаптардың орнына ыңғайлы әрі қолайлы ақпарат көзіне айналды. Әсіресе, көлік жүргізу кезінде немесе спортпен айналысқанда тыңдайтын кітаптар бүгінде сұранысқа ие.

Оның үстіне, біз жастар кітап оқымайды деп налимыз. Алайда оның салдары мектеп қабырғасындағы сапасыз кітаптарға да байланысты ғой. Егер оқу мәдениеті мектептерде жеткілікті дәрежеде дамымаған болса, балалар мен жасөспірімдер кітапқа деген қызығушылығын көрсетпей жатып, өлтіріп алады. Көптеген мектептерде оқу бағдарламалары тым ауыр, ал кітаптарға бөлінетін уақыт та өте шектеулі. Біз оқыған ана тіліндегідей бүгінгі оқулықтарда қазақ ақын-жазушыларының әңгіме-өлеңдері жоқ. Кітаптар көбінесе ойлануға, терең білім алуға шақырады, бірақ қазіргі қоғамда жеңіл әрі тез қабылданатын ақпаратқа сұраныс басым болғаны сіз бен бізді алаңдатады.

Кітап оқу тек жеке тұлғаны дамыту құралы ғана емес, ұлттың болашағы мен өркениетінің кепілі. Кітаптың әрбір беті адамзаттың ақыл-ойы мен рухани байлығын сақтап, оны жаңа ұрпаққа жеткізу жолында маңызды орын алады. Сондықтан, біз кітапқа деген қызығушылықты арттырып, оны елдің білім мен мәдениетінің негізі ретінде қабылдауымыз қажет. Кітапты қолына алмаған елдің ертеңі білімсіз, мәдениетсіз, рухани тұрғыдан жұтаң болып қалары сөзсіз.

Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, кітап оқу ми жұмысын жақсартады, когнитивтік қабілеттерді арттырады және жалпы мидың денсаулығына пайдалы әсер етеді. Кітап оқу адамның интеллектуалдық деңгейін көтеріп қана қоймай, эмоциялық және психологиялық дамуына да ықпал етеді.

Психолог Назира Бұрханова кітап оқудың ми үшін таптырмас жаттығу екенін айтады. Соңғы ғылыми зерттеулер кітаптың эмоциялық интеллект пен есте сақтау қабілетін жақсартып, қиын сәтте оңай шешім табуға көмектесетінін анықтап отыр. (Informburo.kz)

«Нейробиологтар жүргізген зерттеулерге сүйенсек, кітапты аз оқысақ та, үздіксіз оқысақ та, пайдасы өте мол. Әсіресе көркем әдебиет эмпатия, жанашырлық, мейірімділік секілді сезімдерді арттырады, эмоциялық интеллект жұмысын жақсартады. Мұнымен қатар, кітапты баяу әрі ұзақ уақыт оқитын болсақ, бұл берілген тапсырманы тереңірек ұғынып, күрделі ақпаратты тез игеріп алуға жол ашады. Мұның барлығы кітапты анда-санда бір оқитын адамдарда болатын өзгерістер. Ал егер кітап оқуды қанға сіңген әдетке айналдырсақ, нейрондық байланыстардың тығыздығы артады. Сондай-ақ мидың оң және сол жарты шарындағы байланыс нығая түседі. Кітап оқудың арқасында қырағы ғана емес, ақылды бола түсеміз. Сол себепті кітап оқу әрқайсымызға керек қасиет», – деді психолог.

Кітап әрбір адамның бойындағы шығармашылық қабілетті оятады. Сол себепті оқырманның кітапқа деген қызығушылығын жоғалтпауы үшін бірнеше кеңес ұсынамыз:

- күнделікті кітап оқуға 1 сағат арнау қажет, ал уақытыңыз болмаса кемінде 15 минут оқу керек. Сонда миыңыз тынығып, сергіп қаласыз.
- кітапты жас ерекшелігіне қарай таңдаған жөн. Оқу барысында жүйелікке аса мән берген абзал.
- кітаптағы өзіңізге қажетті жерлерін жазып алу сізге пайдасын тигізеді. Нақыл сөздер немесе қанатты сөздерді жазу арқылы сізде жаңа ойлар туындайды, өмірге деген көзқарасыңыз өзгереді және кітап оқуға деген құлшыныстарыңыз арта түседі.
- кітапты оқып біткеннен кейін өз ойыңызды жазып отырыңыз. Оқыған кітаптан тәжірибе жинап, өзімізге қажет құндылықтарды алу қажет. Осы кеңестерді пайдалана отырып кітаптың қаншалықты пайдалы болғанын біле аламыз.

Қорытынды ретінде академик, публицист-жазушы Молдағали Матқанның бір сұхбатында кітап жайлы айтқан сөзімен бөлісуді жөн көрдік. *«Көп оқыған текті адамның рухани қоржыны ізденімпаз еңбекқорлықпен жинаған-терген гауһарлар мен інжу маржан түйіндерге толы болып, әмбебаптық дәрежеге жетеді. Қысқасы, кітапты заманның қатаң талаптарына сай лайықты адам өмір сүру үшін оқу қажет. Әлемдік ұтқыр құндылықтар мен асылдарды дер кезінде игере отырып, ұлттық болмысымыздың ұтқырлығын жаңаша оздыра түсу үшін оқу қажет. Кітап – сарқылмайтын теңдесі жоқ алтын бұлақ және көнеріп тозуды білмейтін алтын қазына. Білім-ілім, бұл – нұр. Ендеше кітапты түпнұсқадан оқуды ешбір техника да, технология да алмастыра алмайды. Қысқа тіршілікте көзіміз әбден жеткен мол дүние жайлы қазбалап айта берсек, кітап оқудан адамзат баласының алатын жан-жақты ләззәті мен құдіретті қуатында шектеулік жоқ. Болуы мүмкін де емес»*. Шынымен де кітапты қолға алып, ұнаған тұсын белгілеп қойып оқу жанға рахат сыйлайды. Ғаламтордың шырмауынан шығып, рухани азықты қолмен ұстап, көзбен көре жинайық құрметті оқырман.

Гүлнұр БАЙМҰХАН

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ТАРАҒАН ПІКІР

ТОЙ АЗАЙСА НЕ БОЛАДЫ?

Егер де қазақстандықтар жалпы барлық той түрінен бас тартатын болса, елімізде қандай өзгерістер болар еді? Қазақта мақал бар «тарта жесең – тай қалады, қоя жесең – қой қалады, қоймай жесең не қалады?» деген. Сол айтпақшыдай біз тойшыл болып кеттік. Шығын мен үнемнің арасын ажыратудан қалдық. «Ұят қой» деп той жасай беретін болдық... Ал той жасамасақ не болады?

- Егер Қазақстанда үйлену тойлары болмаса, бір айда азық-түлік,арақ-шарап, жеміс-жидек т.б арзандай бастайды. Азық-түлікпен қамтылған базарлар мен оптовиктер енді басты сатып алушыларынан айырылып қалады. Үйіне зат алатын қарапайым адамдардан ондай қатты пайда түспейді. Сондықтан бағаны жаппай түсіруге тура келеді.

- Екіншіден, тойханалар мен мейрамханалар екі айдан кейін жабыла бастайды. Себебі тапсырыс берушілер күрт төмендей бастайды, тіптен мүлдем жоқ десе де болады. Ал мейрамхана өзінің ком. услугасы мен персоналдарының еңбегін ақтамағасын иесі жабуға тура келеді.

- Үшіншіден, 3 айдан кейін автокөліктер бағасы бірден төмендейді. Неге дейсіз ғой? Себебі - тойдың жойылуы әсерінен енді кортежге шығатын «Геликтер» мен жаңа «Тойоталар» енді ешкімге қажет болмай қалады. Көп азаматтар сол жаңа көліктерді кортежге шығып, ақшасын шығарып аламын - деп алуда. Енді сол қарапайым азаматтар қарапайым көлікке көшуіне байланысты, ол жаңа көліктерге сұраныс болмай қалады. Кортеж болмағасын ол адамдар жаңа «Камриларының» кредитін қалай төлейді, дұрыс па?

- Төртіншіден жарты жылдан кейін әйелдер өздеріне мән бере бастайды. Пайдалы және жағымды нәрселермен айналысатын болады .

- Бесіншіден, 1 жылдан кейін Қазақстандықтарда артық ақша жиналады. Оны көбісі тіптен байқамай қалады. Қалайша кенеттен ақша жиналды деп, енді дұрыс қой, бұрынғыша «той» деп кредит алмайды, одан қалса, біреудің тойына бару керек деп, ол тойларға бояну керек деп, киім алу керек – деп ақша жұмсамайды. Қарапайым қазақ кем дегенде айына 3 тойға барады екен, енді той жоқ - ақша артылады. Қазақстандықтар сол жиналған ақшаны бір жолмен жұмсау керек екенін түсіне бастайды. Сол себептен елімізде үй алушылар мен шетелге қыдырушылар саны артады.

- Алтыншыдан, 1 жарым жылдан кейін ҚЗ-да тауарлардың сапасы жақсарады. Адамдар бұрынғыша анау-мынауларды сатып ала бермейді. Қазақстандықтардың тек қана сапалы тауарға сұраныстары жоғары болады. Өйткені олар енді өздері үшін сатып алады. Бұрынғыша сыйлық ретінде біреудің тойына ғой дейтін заман кетті.

- Жетіншіден, 2 жылдан кейін Қазақстанның экономикасы дамиды, айтарлықтай өсу болады. Себебі кезінде той саласының кәсіпкерлері нансыз қалмас үшін бизнестің жаңа түрлерін ашады. Яғни, экономика мен халыққа пайда әкелетін.

- Сегізіншіден, 3 жылдан кейін ең соңғы той саласында жүрген «жалған әнші» жойылады. Ал оған дейін барлық той әншілері сұранысқа ие болмағасын аспандағы бағаларын тиын-тебенге түсіре бастайды. Есесіне нағыз өнерпаздар бағалана бастайды. Қазақстанның өнер саласында жаңа тыныс пайда болады.

Сондай-ақ 5 жылдан кейін кәсіпте әйелдер саны артады. 10 жылдан кейін ажырасулар саны рекордтық деңгейге дейін азаяды. Неге?

Себебі, ұзақ уақыт бойы ешкім дүркіреген тойын біреу үшін, біреуге көрсету үшін үйленген жоқ. Ақыры той болмағасын, ешкім көрмегесін шынайы махаббатпен үйлену үрдіске айнала бастайды.

Енді ең соңғы жайт. 50 жылдан кейін ата-аналар балаларына: «Мә-ә-ә, бұрын бір бейтаныс адамдарға дейін шақыратын шаралар болатын» дейтін оқиғаларды айтатын болады.

Ең бастысы, «Той қашан!» деген сұрақ мәңгілікке жойылады. Той ешқашан елді дамытпайды. Европалықтар әлемді шарлап саяхаттап жүр, өмірден ләззат алуда. Біз сияқты несие алып, борышқа батып, өмір бақи төлеу үшін жасайтын той мерекелері жоқ. Тойға шақыратын асабалар,әншілер инстаграмдарын қарасаң шетелде сіздердің арқаларыңызда демалуда. Бәлкім енді тойдан бас тартып,өзіңіз шет елді қыдыратын сәт келді? Тойға кететін ақшаға екі жақ бірігіп пәтер алатын сәт келді? Солай ма?

Осы мақаламен міндетті түрде бөлісіңіз!

Дүйсенбі - Понедельник, 10 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Фиш и Чипс»
09.30 Сериал «МАМА»
11.30 «Бауыржан-шоу»
12.00 «President
12.30, 21.45 «Келінжан-4»
14.00, 20.00 Телехикая «Бахар»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 «Әлеумет»
19.00 Жаңалықтар
19.30 «Тамаша»
22.45 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша сіту»
07.00, 19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 сериал
14.00, 01.20 «Новости»
14.15, 01.35 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 02.35 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал
00.25 Ночной кинотеатр
01.50 Паутина
03.00 Ең алғашқы

КТК

07.05 «Кел, шырқайық!» (қайталау)
08.05 «Қыл үстіндегі тағдыр-2
09.30 «Парад юмора»
11.30 «Мне тебя обещали»
13.30 «Маруся», мелодрама
15.30 «Сашка», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Гром среди ясного неба», мелодрама.
23.40 «Золото-1», остросюжетный детектив
01.40 «Сашка», мелодрама (повтор)
02.25 «Өткен күндер-1
05.20 «Астарлы ақиқат» (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Абадан»
09.15 «Менің анам»
09.35 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Әсем әуен»
11.10 «Шіркін-ай»
12.20 «Әсем әуен»
12.40 «Шашу»
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Туынды тарихы»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.35 «Шыңырауданшыңға»
17.50 «Алимент»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «Tik Tok show» ойын-сауық бағдарламасы
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен» телехикаясы.
11.00 телесериал
12.00 «Күліп all» ойын-сауық бағдарламасы
12.30 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
13.10 «Ауылбайский участковый» (повтор)
15.10 «Бегущий в лабиринте» (повтор)
17.30 «Новая полицейская история»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Пастырь»
22.50 «Құйынды мекен»
00.15 «31 әзіл»
01.30 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02.20 «Time Vine»
02.50 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая
07.00, 18.30 «Сезім үшін»
08.00, 17.00, 18.15 Телехикая
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
12.50 Сериал «Челночницы-2»
15.00 Сериал «Брак по завещанию»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Сериал «Челночницы-2»
00.30 Жаңалықтар
00.45, 01.05 Телехикая
02.00 Жайдарман
03.00 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.30 «Құырдақ»
05.50 Үзіліс

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖК «Тычина 777» жұртшылықты 2025 жылғы 17 ақпан мен 21 ақпанның аралығында Көмір қоймасы ЖК «Тычина 777» Қарабұлақ ауылы, Ескелді ауданы Жетісу облысы үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°53'32.00» СШ, 78°29'22.46 ВД.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - ЖК «Тычина 777»

Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Станционная көшесі № 1.

тел.: 8 705 133 35 55, e-mail: tychina_pavel80@mail.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі,

тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail:7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. LEB сайтына https://ecoportal.kz және бастамашының https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Хақназар» шаруа қожалығы жұртшылықты 2025 жылғы 17 ақпан мен 21 ақпанның аралығында «Хақназар» шаруа қожалығы үшін Жетісу облысы Панфилов ауданы, Талды а/о-да «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді. Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°21'19,65» СШ, 79°59'3,08 ВД.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - «Хақназар» шаруа қожалығы г.Жаркент, Валиханов көшесі, 133 үй. Тел. 8 747 484 9971,

e-mail: U_alema@mail.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі,

тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail:7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. LEB сайтына https://ecoportal.kz және бастамашының https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

Сейсенбі - Вторник, 11 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Фиш и Чипс»
09.30 Сериал «Мама»
11.30 «Бауыржан-шоу»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 21.45 Телехикая «Келінжан-4»
14.00, 20.00 Т/х «Бахар»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 Ток-шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.30 «Тамаша»
22.45 Сериал «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 Тамаша city
07.00.19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 сериал «Анатомия сердца»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.20 «Новости»
14.15, 01.35 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 02.35 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.00 Вечерние новости (Повтор)
09.40 Золото-1
11.40 «Гром среди ясного неба»
13.30 «Маруся»
15.30 «Сашка», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат».
21.00 Вечерние новости
21.40 «Гром среди ясного неба», мелодрама.
23.40 «Золото-1»
01.40 «Сашка», мелодрама
02.25 «Өткен күндер-1
05.20 Астарлы ақиқат» (Қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (Қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жетісу әуендері»
17.25 «Абадан»
17.50 «Қылмыс»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Біздің өңір»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
06.30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы Информбюро (рус., каз.)
07.00 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
07.50 Мультсериал «Буба»
08.30 Мультсериал «Команда Мстители»
09.00, 09.30 «Құйынды мекен» телехикаясы.
11.00 Телесериал»
12.00 «Күліп All» ойын-сауық бағдарламасы
12.30 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
13.20 «Валериан и город тысячи планет»
16.10 Кино.
18.00 «Хищник»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Защитник»
22.50 Телехикаясы.
00.15 «31 әзіл»
01.30 «Келіндер бәйгесі»
02.20 «Time Vine»
02.50 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая
07.00, 18.30 Телехикая «Сезім үшін»
08.00, 17.00, 18.15 Телехикая «Абысындар-2»
09.25, 00.30 Жаңалықтар
09.40.00.45 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
12.50 Сериал
15.00 Сериал «Брак по завещанию»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Сериал «Осиное гнездо»
01.05 Телехикая «Тек қана қыздар»
02.00 Жайдарман
03.00 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.30 «Құырдақ»
05.50 Үзіліс

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Тычина 777» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 17 февраля по 21 февраля 2025г. по разделу «Охраны окружающей среды» для Угольного склада ИП «Тычина 777» в с. Карабулак Ескельдинский район Область Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°53'32.00» СШ, 78°29'22.46 ВД.

Инициатор намечаемой деятельности - ИП «Тычина 777» Ескельдинский район, с.Карабулак, ул.Станционная №1. тел.: 8 705 133 35 55,

e-mail: tychina_pavel80@mail.ru.

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел.8(7282) 32-92-67, 87771719039,e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МИО https://ecoportal.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике «Опубликованные слушания» и e-mail: 7su_expertiza@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Крестьянское хозяйство «Хақназар» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 17 февраля по 21 февраля 2025г. по разделу «Охраны окружающей среды» для крестьянского хозяйства «Хақназар» в Талдынском сельском округе Панфиловского района области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°21'19,65» СШ, 79°59'3,08 ВД.

Инициатор намечаемой деятельности - Крестьянское хозяйство «Хақназар» г.Жаркент, ул.Валиханова, д.133 тел.: 8 747 484 9971,

e-mail: U_alema@mail.ru.

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел.8(7282) 32-92-67, 87771719039,e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МИО https://ecoportal.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике «Опубликованные слушания» и e-mail: 7su_expertiza@mail.ru

Сәрсенбі - Среда, 12 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дупдүлдер дүбірі»
06.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Фиш и Чипс»
09.30 Сериал «МАМА»
11.30 «Бауыржан-шоу»
12.00 «Біздің назарда»
12.30, 21.45 Телехикая
14.00, 20.00 Телехикая «БАХАР»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 Ток-шоу «Талқы»
19.00 Жаңалықтар
19.30 «Тамаша»
22.45 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00.01.50 Паутина»
07.00, 19.00 «KOREMIZ-ШОУ»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро. Казахстан!»
10.10 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 сериал «Анатомия сердца»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.20 «Новости»
14.15. 01.35 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 02.35 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал
00.25 Ночной кинотеатр
03.00 Ең алғашқы

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 Қыл үстіндегі тағдыр-2
09.00 Вечерние новости
09.40 «Золото-1»
11.40 «Гром среди ясного неба»
13.30 «Маруся», мелодрама
15.30 «Сашка», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Гром среди ясного неба», мелодрама.
23.40 «Золото-1»
01.40 «Сашка», мелодрама (повтор)
02.25 «Өткен күндер-1»
05.20 Астарлы ақиқат (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 К/ф«WELCOME TO ZHETYSU»
12.40 «Айтыс»
13.00 «19 регион»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Біздің өңір»
14.30 «Сіз не істедіңіз?»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.35 «Менің анам»
17.50 «Процент»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
07.00 Информбюро (рус., каз.)
07.50 «TikTok show»
08.30 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Команда мстители»
09.30 Телехикаясы.
11.00 Телесериал
12.00Күліп All
12.30 «Әзіл студио»
13.10 Кино. «Новая полицейская история»
15.50 «Защитник»
17.40 «Плохие парни»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Без жалости»
23.00 «Құйынды мекен» телехикаясы.
00.10 «31 әзіл»
01.30 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02.20 «Time Vine»
02.50 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая
07.00, 18.30 Телехикая «Сезім үшін»
08.00, 17.00, 18.15 «Абысындар-2»
09.25, 00.30 Жаңалықтар
09.40.00.45 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
12.50, 22.40 Сериал «Осиное гнездо»
15.00 Сериал «Брак по завещанию»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости.
01.05 Телехикая
02.00 Жайдарман
03.00 Жеңіп көр
04.30 «Құырдақ»
05.50 Үзіліс

Утерянные иностранные бланки разрешения выданные на ТОО «KazTranslogistica» БИН 230240028390. Бланки № 0221166 (Литва), № - АК 705904 (Латвия) считать недействительными. тел: 8-707-200-07-27

Считать недействительными утерянные бланки ИБР въезд выезд: Россия: 0270260 - 0270261 - 0270262. ИП «ArlTrans» ИИН 23114000217.

Считать недействительными утерянные бланки ИБР въезд выезд: Латвия № 102784-109887, Россия – 758461, Узбекистан - 887425, КНР «Д» - 0001860-0001859, Узбекистан - 0009763 - 0009761. ИП «Сейдекрамов» ИИН - 850104302147.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДЕБИЕТ АЙДЫНЫ

ЖАЛАЙЫР ТАРИХЫНЫҢ СЫРЫ

Жалғасы. Басы өткен сандарда

Екіншіден, ол тек сол жердегі көне сөз, оқығаны, тоқығаны көп жерлестерінен сұрап салыстырып, зерттеп, зерделеп жазғандығы.

Үшінші, ол сауатты, адал азамат болса өз ауылының төбесін басқа елдің тауынан биіктетпеуіне сенемін. Адал, шыншыл, сауатты, әуесті тарихшы және шежіресі болсын ол өзінің ру-аталарын тарихын, шежіресін еш уақытта басқа қазақтың үш жүзінің ру-тайпаларын қарама-қарсы қойып, мұқатып, кемсітіп қоймайтынына сенімдемін.

Шежірені тек құжаттарға сүйеніп дала, ауызша тарихын тек баспасөз ақпарат құралдарынан сұрыптап жазған жөн болар, «анау айты мынау айтты» немесе 70-90 ақсақалдар айтты деп хаттай беру дұрыс болмас. Бір мысал Жамбыл қаласының тұрғыны Әмірбек Құдайбердіұлы Есенбаев 184 беттен тұратын «Шежіре» атты еңбегінде жалайырдың шежіресін Талдықорған облысы Қаратал ауданы Абай атындағы совхоздың тұрғыны 1893 жылы туған Сағымбек Тайшыбекұлы мен 1894 жылы туған Баққожа Тоқаұлы мен Үштөбе қаласының тұрғыны 1891 жылы туған Абдрахман Асымұлынан жазып алған екен. Қашан, қай уақытта, қай жерде жазып алғаны белгісіз. Жалайырдан: Сырманақ, Шуманақты тарқатып (Сырманақ пен Шуманақ бөлу керек) Сырманқтан: Құрманбеті, Тағатай, Бекберді. Шуманақтан: Ахметқожа, Ханқожа, Қарақожа, Қармыс деп олар ру-аталарын әрі қай түсініксіз оқымаған, құлақ естімеген ру-аталарды тарқата береді.

(Есенбаев Ә.Шежіре Алматы, 2013 жыл, баспасы белгісіз, 28-34 бет).

Осы жолдың авторы алдыңғы Сағымбек Бекқожа шежіреші көнекөз, көпті көрген қариялармен кездеспедім, бірақ Абдрахман атамен жақсы танысып, ол кісі Қаратал колхоз-совхоз театрының негізін қалаушы, ауданның дамып өркендеуіне көп еңбек сіңірген адамдардың бірі, артист, ақын, жыршы, күйші, шежіреші еді.

Жалғыз ұлы Қошақан аға Қаратал аудандық атқару комитетінің орынбасары-жоспарлау бөлімінің меңгерушісі болып 30 жылдай істеген өте сауатты, ақпейіл, жүзі жарқын, мейірімді, әзілқой адам еді. Абдрахман ақсақалмен аудандық мәдениет бөлімінде бірге істегенбіз, ол кісі Абай совхозының автоклуб меңгерушісі, ал мен аудандық мәдениет бөлімінің аға инспекторы (меңгерушінің орынбасары) болып істеп, дәмдес болғанбыз. Ақсақал сөзге шебер, жүріс-тұрысы пысық, сауатты көпті көрген, жалайыр тарихы мен шежіресін көп білетін дана ақсақалдардың бірі еді. Ескі тарихтан өсиетін айтып, көне тарихқа құлаш сермейтін шежірешіде сол атанын баласын, бабаларын осындай болған деп отырушы еді. Абдрахман атамыз ұлы Қошақан аға о дүниелік болып кетті. Талай қолдарынан дәм татқанбыз, кеңестерін тыңдап, аялы алақанының мейірімін көрген жан едім. Бірақ Қараталдықтар бұл әулетті ұмытқандай Абдрахман ақын атамыздың артында мол қолжазбалар, таспалар, тағы басқа мұраларын жинақтап бір кітап шығаруға аудан зиялы азаматтары қолға алса дейміз.

Шежіреші Ә.Есенбаев жазған жалайырдың қысқаша шежіресін Абдрахман атамыз айтты дегенге өз басым сенбеймін.

Ал ғалым С.Толыбеков пен министр, обкомның бірінші хатшысы Ә.Тыныбаев т.б. келтірген жалайыр шежіресін тарқатуда тек дәлелсіз, сауатсыз, жауапсыз адамдар жазғандарын өздері хаттап қалдырған. Бұл тек азғана дәлелді, дәйекті мысалдар, жалғастыра берсек ұзақ әңгімеге ұласып кететіне сенімдіміз.

Басқа ұлт пен ұлыстың ғалымдары, жазушылары мен жылнамашылары жазса кешіріммен қарауға болар еді, ал өзіміздің қаракөз қазағымыз, білмей тұрып шатастырып, былықтырып жазса не демекпіз?

Тағы айтарымыз жалайыр тайпасының шығу тегі туралы, қолда бар авторы, құрастырушы, шығарған баспасы жоқ шежірелер қаптап шығып жатыр. Себебі ол күмәнсіз, дәлелсіз, бір-бірінен көшіріп алған, әсіресе Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мұхаммеджан Тынышпаевтың, Жарылқап Бейсенбайұлы т.б. кестелеріне ұқсайтындығын айтпақпыз.

Қазақ, орыс тілдерінде шыққан мақалаларды жеке-жеке топтастырдық және орыс тілінде шыққан құжаттарға аса зер салмауға тырыстық, себебі олар тек қазақ зиялы қауымнан және шежірешілерінен жазылып алынғандығын айтпақпыз.

Жалайыр тайпасының шығу тегі туралы соған қатысты ғана үзінділерді дәйекті етіп, пайдаланған әдебиеттеріміздің көрсеткіштерін толық беруге тырыстық. Себебі болашақ зерттеушілерге, шежірешілерге, Отан тарихын, қазақ ру-тайпаларының тарихын сүйіп оқитын, жазатын оқырманға болашақта көмегі тиер деген ниетпен жасырмай толық бергенді жөн көрдік. Әрине біз жіберген кемшіліктерді толықтырып, болашақта жаңа құнды жалайыр тайпасына қатысты әдебиеттер шығаруға себебі болар деген ниетпен жиған-терген, оқыған-тоқығанымды арнайы зерттеп, зерделеп жазып отырмын және жалайырдың шығу тегі мен басқада мәліметтерін толық қамтып жаздым дегеннен аулақпын.

Өмірімнің саналы уақытын кітаптарды жинаумен айналыстым, жеке кітапханамда 10 мыңға жуық құнды ғылыми, тарихи-тағылымды тарихи-көркем әдебиеттер, көптеген саланың энциклопедиялары, анықтамалықтары жинақталған, әрине орысша оқыған соң 60-70 пайызы сол тілде. Осы жолдың авторы жалайыр тайпасының тарихын жазуда, өзім жобалап жүрген жүйемен жаңаша көзқараспен тарихшы ретінде жазуға бел байладым. «Жалайыр тарихынан» атты томтама кітаптарымда оның санында емес сапасына, маңызына қарай 10 кітапқа жеткізуді армандаймын, алла жар болып, денсаулық берсе келесі шығатын зерттеу кітаптардың барлық құжаттары жіктеліп, сұрыпталып, жинақталып тек аздап өңделіп толықтыруды және компьютерге түсіруді қажет етеді.

Жалайыр бабамыздың шын аты кім және неге әртүрлі болып жазылады? деген заңды сұрақ туындайды. Қорыта келе Жалайырдың есімі туралы осы кітапта пайдаланған ғалымдардың, жазушылардың және шежірешілердің ой-пікірін бір жүйеге анықтап, салыстырып, жіктеп, топтап ұсынғанды жөн көрдік:

1. Арыслан (Т.Қалилаханов)
2. Байдәулет (О.Исмаилов, А.Кешуев)
3. Бақтияр (И.Жеменей, Ш.Баяни)
4. Барыс (Ерасыл аң) (Т.Қалилаханов)
5. Добалақ (Н.Жолымбетов)
6. Жампоз (Жансақал, Жалайырған батыр, палуан) (З.Сәдібеков).
7. Жандыбек (Ж.Мырзаханов).
8. Жансақал (Н.А.Аристов, С.Мұқанов, А.Сейдімбек, Р.Толқымбекұлы).
9. Жансақал (Тарақ) (С.Толыбеков, М.Х .Сүлейменов, Ә.Қайдар, О.Исмаилов).
10. Жалайыр (Жалайырған) (Т.Асанов, Ә.Алыбаев, Б.Албани, М.Ақынжанов, С.А.Аманжолов, С.Айтониязов) (түркімен) А.Бөкейханов, В.Бартольд, С.Биболов, Г.Е.Грумм-Гржимайло, В.В.Востров, Н.И.Градеков М.Дүйсенбінов, Ә.Есенбаев, Қ.Жалайыр, Ш.Жәңгіров, М.Жылқайдаров, О.Исмаилов, Ә.Қайдар, Т.Қаупынбайұлы, Ж.Қожамқұл, М.Мырзахметов, Р.Нұрпейісов, А.Машанов, С.Мұқанов, Е.Өтениязов, Қ.Салғараұлы, З.Сәдібеков (Қаржани), К.Сәки, М.Тынышпаев, Ж.Телқожа, С.Толыбеков, К.Томпиев, Б.Тоғысбаев, Ә.Тыныбаев, Н.Төреқұлов, В.Усенбаев, Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы).
11. Жалайыр Тілеуқабылұлы («Бабалар сөзі» 32 том.
12. Жалды ер аң, Жаллы ер, батыр (Т.Қалилаханов)
13. Ерасыл аң (Т.Қалилаханов).
14. Ертеріс қаған (Ю.Зуев, Т.Қалилаханов)
15. Жолайыра (Жалайыр) (Ә.Тарази).
16.Қабылан (Қапаған) (А.Сейдімбек, Ә.Алыбаев, Б.Батыршаұлы, С.Бимендіұлы, У.Доспанбетов, О.Исмаилов, Т.Қалилаханов, С.Өтениязов, Р.Толқымбекұлы, Т.Үсенбаев, С.Шора-Бектасұлы, С.Мұқанов, О.Тазабеков)
17. Қамбар (Т.Әліпбай, А.Машани)
18. Қобылан (М.Дүйсенбінов, П.Ықсанов)
19. Қыдырғали (А.Оспанов)
20. Құдайберген (Қ.Салғараұлы, Ә.Қайдар, Ш.Құдайбердіұлы, Р.Тоқымбекұлы, Б.Тоғысбаев, О.Исмаилов).
21. Меркі (Т.Омарбеков, Ж.Телқожа, Ә.Қайдар)
22. Мекрелі Мекрейлі (Н.Мыңжанұлы, Ш.Уалиханов).
23. Мекре, Мекірайыл (О.Отарбайтегі, Т.Қалилаханов, Б.Тоғысбаев, М.Тынышпаев, Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы)
24. Мекрен (Ж.Телқожа, Ә.Қайдар)
25. Меркес (А.Нысаналы)
26. Тарақ таңбалы Жалайыр (Жалайыр осылай деп аталады...)
27. Тарақ (Жансақал) (Ф.Ғабитова, З. Сәдібеков (Қаржани).

Ескерту: Кейбір ғалымдар, жазушылар және шежірешілер Жалайыр есімін, әкесінің атын 2-4 нұсқасын ұсынғандықтан жекежеке жазғанды жөн көрдік.

Жалайыр бабамыздың әкесінің есімі кім? деген сұраққа жауап іздеп ғалымдар, жазушылар және шежірешілердің жазғандарына зер салып олардың ой-пікірлеріне, болжамдарына назар аударайық:

1. Абақ (Б.К.Албани, Н.А.Радлов)
2. Ақарыс (С.Биболов)
3. Байтаған (Әл-Тарази, Ж.Мырза-ханов, Ысқақ шежіреші, ҚХР)
4. Дарликен (Рашид ад-Дин)
5. Жандыбек би (Ә.Мырзахметов)
6. Жан (Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы, Ә.Отарбайтегі)
7. Жансақал (Н.А.Аристов, Н.М.Абрамов, Ә.Алыбаев, К.Әзірбаев, Ж.Ғабитова, Ә.Есенбаев, Қ.Жалайыр, М.Жылқайдаров, Ә.Қайдар, Ж.Мырзаханов, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек, М.Тынышпаев, Б.Тоғыс-баев, Н.Төреқұлов С.Төлепбаев, Ж.Шай-хислам)
8. Жансақал (Жандыбек батыр) (Әлімхан шежіреші ҚХР)
9. Жансақал Үйсін ұлы (Ж.Телқожа, Б.Батыршаұлы)

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ.
("Жалайыр тарихы" кітабынан)

Жалғасы келесі санда

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУДЫҢ ЖАМПОЗЫ, АЛАШТЫҢ АБЫЗЫ АТАНҒАН ҚҰРМЕТТІ НАУРЫЗ ҚЫЛЫШБАЙҰЛЫ!

СІЗДІ АҚТҮТЕК АҚПАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ОН КҮНДІГІНДЕ ЖАДЫРАЙ ЖЕТЕТІН ТУҒАН КҮНІҢІЗБЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН! БҮГІНГІ ТАҢДА АЛЛАНЫҢ МЕЙІР-ШАПАҒАТЫ, ЕЛ-ХАЛЫҚТЫҢ ШЕКСІЗ АЛҒЫСЫ МЕН АҚТІЛЕГІ АРҚАСЫНДА ЕКІНІҢ БІРІ НІҢ ПЕШЕНЕСІНЕ БҰЙЫРМАҒАН КЕНЕН ҚУАНЫШҚА - МЫҢ АЙДЫҢ ЖҮЗІН КӨРУ (84 Х 12 = 1008 АЙ) МӘРТЕБЕСІНЕ ТУҒАН АЙДАЙ ТОЛЫСЫП, ЕРТЕҢГІ КҮНГЕ СЕНІММЕН ҚАРАҒАН АЛАШ ЖҰРТЫМЕН ДІН АМАНДЫҚТА, КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ, ШИРАҚ ТА СЕРГЕК КҮЙДЕ БӨЛЕНІП ОТЫРСЫЗ.

Даңқты бабалар өсиетіне адалдық танытқан, елдің бүгінгідей мақтан тұтар Абыз ақсақалы атанған Сіздің өнегелі өмір жолыңыз, Жетісу өлкесінің төрт өңірінің – Қаратал, Андреев – Қабанбай батыр, Ақсу мен Көксу аудандарының басшылық тізгінін ұстаған жылдары аймақ экономикасын дамыту, ел тұрмысын жақсарту жолындағы атқарған жасампаз іс-қызметіңіз кейінгі жастарға ғибратты өнеге болды, бола да бермекші. Ерулі атқа ер салып мінген күннен бастап Мағжан ақынның «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін!» деген баталы тілегіне барынша адалдық таныттыңыз!

Байлыққа қызықпаудың, мансап қумаудың, ардан аттамаудың арқасында адамгершілік қасиетіңізге, адалдық болмысыңызға кір шалдырмадыңыз. Пайда ойламай, ар ойладыңыз. Көрнекті қоғам және мемелекет қайраткері Димаш ағаның бойындағы он екі асыл қасиетті жан дүниеңізге дарыта білдіңіз.

Соңғы ширек ғасырдың бедеріндегі журналистикаға, көркем және көсем сөзге ден қойған, замана үнін дөп басқан қаламгерлік қабілет – қарымыңыз, алуан тақырыптағы сүбелі туындыңыз көпшіліктің көңілінен шығуда. Бүгінгідей айтулы күнде Сізге деннің саулығын, отбасы мен әулеттің амандығын, ел-жұрттың ыстық пейілін, ізденісті

шығармашылық жетістігін тілейміз!

Ортамызда алшаң басып жүріп, Жамбылдың жасына жетіңіз, Жетісудың жампозы! Халқыңыздың сый – құрметіне бөлене беріңіз, елі сүйген ардақты аңыз да, абыз ақсақалымыз!

Ізгі тілекпен рухани іініз
Қараша ҚАРАМАН
Алматы облысы

Редакциядан: Туған күн иесі Наурыз ағамызды «Алатау» газетінің ұжымы да құттықтай отырып, Сізге толағай шығармашылық табыстар тілейміз!

Шығармашылық жұмыспен бел шешпей айналысып жүрген Наурыз ағамыз бүгінде он бес шақты кітаптың авторы. Солардың бірі бұдан он бес жыл бұрын басылып шыққан оқуға өте қызықты «Жаңаталап жастары» деп аталатын ауыл туралы шығарма. Сол кітаптың соңғы беттегі түйін сөзінің өзі оқырманды көп жайдан хабардар етеді. Автордың түйін сөзі не дейді? Оқырман назарына соның қысқартылып алынған нұсқасын ұсынуды жөн көрдік.

БҮГІНГІ ҰРПАҚТЫҢ ПАРЫЗЫ

1968 жылдан бері сақталып келе жатқан «ВЛКСМ – 50 лет» атты көркті қойын кітапшамда белгісіз автордың мынандай сөзі жазылыпты.

«Народ – это те, кто жил до нас и выстроил великое светоносное государство, породил богооткровенную культуру, выйграл самые великие войны, совершал самые дерзновенные духовные подвиги.

Народ – эте те, кто придет после нас и выполнит возложенную на него Богом вселенную задачу, одержить неизбежную Победу. И конечно же, народ – это мы с вами».

Осынау сөздің құдіретін ұрпақ сабақтастығымен жалғасатын тектілік, тектілікпен тұқым қуатын адам баласының мәнді де сәнді өмірі десем, келісер ме едің, қадірменді оқырман. Ауылдан адам кеткенімен ауылдың адамнан кетпейтініне көз жеткізіп, құдіретін мойындаған адамның бірімін. «Жаңаталап жастары» деген кітабымда жазған соңғы беттегі түйін сөзде өнеге-үлгі боларлық қарекетімен ел алғысына бөленген жерлестеріммен қатар сырт өңірде ұшырған ұясы – ауылын насихаттап, досжарандарын сағынып жүрген бауырларымның еліне сіңірген еңбегі жайында көрген, білгенімді жаздым. Ауылдың өрелі өскен жастарының келешекте осы бастаманы жалғастыратынына кәміл сенімдімін.

Жаңаталап ауылының тұрғындары өмір жолына өкінбейді, жасаған карекетіне ұялмайды. Ұрпағын іскерлікке тәрбиелеп, өз қатарының алды болып өскен ұландарымен мақтанады. Шаттанады. Жасының да, жасамысының да тыныс-тіршілігі келешекке деген асыл армандарымен ұштасып, мақсаты бір, мүддесі ортақ, жарқын болашағын аңсаған Қазақ елінің өркениетті ел қатарына қосылу бағдарының орындалуына атсалысуда. Бұдан асқан құндылық болуы мүмкін бе? Әрине, жоқ. Ел, Отан деген ұғымның бастау көзін ашып, бір дәуірдің дамуын қамтамасыз еткен жаңаталаптықтардың ерен еңбегін бағалап, өмір жолын жасампаздықпен жалғастыру – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Өмірге тәуелсіздікпен бірге келген ұлқыздарымыз отызға таяп қалды. Осы өтпелі кезеңді аға буын қиыншылыққа теңеп қара түнек орнатпады. Бір сүрініп, бір қабынып, нешеме өзгеріске тап болған Үкіметті айыптамады. Өзінің даму жолын таңдады. Ілгері ұмтылу мен қателесуден қорықпаған қазақстандықтар қатыгез нарықтың тәлкегіне төтеп беріп, қатал сынағынан өтті. Тыңнан жол табу жауапкершілігін өз мойнына алды. Іздегенін тапты. Тапқанын ұқсатты. Тығырықтан шықты. Тарта-тарта жеп тай жинады. Қорқа-қорқа жеп қой жинады. Соның арқасында береке-бірлігін сақтап, ұрпағын заман талабына сай тәрбиелеп өсірді. Бұл өтпелі кезеңнің үлкен жеңісі. Білген кісіге, әрине.

Бір сәт шегініс жасасақ, сол қиыншылықтар бүгінде мүлдем ұмытылыпты. Ол нені аңғартады?

Ол – жақсылықтың озғанын аңғартады.

Ол – еңбектің жанғанын аңғартады.

Ол – төзімділіктің ақталғанын аңғартады

Ол – сабырлылық пен парасаттылықтың жеңгенін аңғартады.

Иә, бүгін елдің тіршілігі жанданды. Еңсесі көтерілді. «Оның кепілі неде?» – дейді-ау өмірдің ыстығына күйіп, суығына тоңып үлгермеген жас буын.

Жауабы біреу. Одақ ыдырап, жоспарлы экономика жүйесі қақырап, қатыгез нарықтың құрсауына тап болған ел аламат тығырықты тежеп, дағдарысты да еңсерді. Салиқалы саясат тұрақтанды. Бәсекеге қабілетті елдің іскерлігі шыңдалды. Ұрпақтар сабақтастығы бабалар аманатымен ұштасып, ұлы мақсаттар айқындалды. Жарқын болашағына сенімі нығайып, жұдырықтай жұмылған елдің жіберілген қателікке кешірімді болатынын адамзат баласы неше мәрте дәлелдеген. Дау-дамай тыйылып, бірлігі бекем елдің тыныштығы үстемдік алды. Бүгінде біз соның куәгері болып отырмыз. Ынтымағы ыдырамай еңбектің құдіретін бағалай білгендерінің тұрмысы түзеліп, табысы өсуде. Бірлігі бекем елдің ырысы артып келеді. «Өмірді жақсартам десең, ең алдымен өз үйіңе үш қайта қарап барып іске кіріс» деген қытай елінің мақалы «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген Мұхтар Әуезовтің батасымен үндесіп тұр. Ұмытылып бара жатқан «Ауылым – алтын бесігім» қағидасының «Ел іші – алтын бесік» сөзімен жаңғырып, жанданғаны ауылға, ауылшаруашылық саласына жан бітіру. Оның алғышарты – елді ауылды мекенде тұрақтандыру.

Қазақты жабайылықтан құтқарған, қараңғылығын нұрландырған, қейбіреулер айтқандай, Ресейдің боярлары емес, керісінше, орыс князьдіктерінің бірігуіне қол ұшын берген Алтын Орда.

Жұмақтың төрінен орын алуды армандаған адамды ешкім күнәһар санамайды, ал коммунизмді немесе өркениетті сөз еткен адам неге қияли деген атпен айыпталуы керек? «Ауылға ұл болып барып, құл болып оралдым», – деп Қадыр Мырзаәлі толғанғандай тарихтан өзіндік орын алған комсомолдың да, он үшінде отау иесі болған жастардың да қасиетті жері мен киелі елі үшін атқарған еңбегі орасан. Барлығының мақсаты – өз қатарының алды болып. жарқын болашаққа ұмтылу. Бұл тұрғыдан жастарға ешкім бөгет бола алмайды. Олардың еңбегін жоққа шығармай, әділдік аясында бағалағаннан кім ұтылып, кім ұтады?! Осындайда саясатқа емес, ақыл мен жүрекке жүгіну лайық.

Соңғы жылдары облыс және аудан орталықтарының тотыдайын құлпыруы қаржылай дағдарыстың түбегейлі еңсерілгенін, саясаттың тұрақтанып, экономиканың қарыштап дамығанын айғақтай түседі. Жетістік пе? Талас жоқ. Мақтаныш па? Әлбетте. Әрбір жаңа ұйымдастырылған кәсіпорын, бой көтерген ғимарат, сүрлеуден даңғылға айналған Нұрлы жол, кеңінен пішілген көрікті алаң мен демалыс орындары бұқара халыққа қызмет етуде. Оның әсерін келімді, кетімді қонақтарымыз көріп, сүйсінуде. Не дейсің мұндайда? Таңдансын. Таңдай қақсын. Бүгін қалада жасалып жатқан жақсылық ертең ауылға жетіп, ел ішіндегі алтын бесікке бөленген сәбилердің өнері өрлеп, өмірі төрлесін!

«Молодым у нас везде дорога, старикам у нас везде почет» деп екпіндете ән шырқап, мәнді де сәнді өмір сүрген Жаңаталаптың кешегі жастары бүгінде ақсақалды ата, ақжаулықты әже атанып құрметке бөленсе, иық тіресіріп, білек біріктіріп, туған ауылын жұмақтың төріне айналдыруға бет алған жасампаз жастары сапқа тұрды. Бұл еліміздің барлық өңіріне тән көрініс.

Президенттік өкілеттілігін өз еркімен тоқтатқан Нұрсұлтан Әбішұлы: «Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы ретіндегі алдағы міндетім – басшылардың жаңа буынының билікке келуін қамтамасыз ету. Олар елімізді жаңғырту процестерін жалғастыратын болады» деген сөзімен ұлылығы мен данлығын айғақтады. «Әрбір ұрпақтың атқаратын өз міндеттері бар. Мен және менің замандастарым еліміз үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық» дегенін Қазақстан халқы мен әлем қайраткерлері жоққа шығара алмайды. Солардың бірі мен де алты жыл Көксу ауданының әкімі, он жыл Талдықорған аймақтық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы өтпелі кезеңінде Елбасының сенімді сарбаздарының қатарында болғаныма дән ризамын..

Қасым-Жомарт Кемелұлы өзіне жүктелген міндет жайында былай деді. «Біздің міндетіміз бейбітшлік пен тыныштықтың салтанатын паш ету, азаматтардың тең құқылығын сақтап, билікте әділдік орнатып, заңның үстемдігін қамтамасыз ету». Әлбетте, бұл оңайлықпен орындала қоятын шаруа емес. Мұндай өрелі іс кәтепті қара нарға теңелген адамның азаматтық борышы. Бұл – «өз басың әділ болса, жарлықсыз-ақ іс бітер» деген, қарапайым болса да құдіретті ұғымды тұмар еткен іскер басшының басты мінденті.

Жасампаздықпен басталған игі шараларды қалтқысыз орындау барша қазақстандықтардың борышы, перзенттік парызы екенін аға ұрпақ өкілдері дәлелдеп, ұрпағына өнеге, үлгі көрсетуден жалыққан емес, жалықпайды да. Ол жайтты қуаттайтын Есенқұл Жақыпбековтің толғауына назар аударалық.

Біздің елдің жігіттері жігіттердің төресі,
Олар жайлы ағайын-жұрт не білесің
сен осы?
Олар жайлы айтылмайды биік-биік мінбеден,
Өйткені олар ақиқат пен шындық
сөздің жебесі.

Біздің елдің жігіттері жігіттердің төресі,
Біздің елдің жігіттері ұлы мұхит кемесі.
Осы елден бақ пен қызыр қашпаса екен
деп тілеп,
Осал жерін түзеп жүрген біздің елдің шегесі.

Олар жайлы білгің келсе, ортасына кіріп көр,
Солар жүрген жолдарменен дәтің
барса жүріп көр.
Ерте туып еш заманның маңдайына
сыймаған
Қайран біздің қасиетті қара нардай жігіттер.

Біздің елдің жігіттері жігіттердің сырттаны,
Кешегі өткен ақындар мен батырлардың
ұрпағы.
Ерте туып еш заманның маңдайына
сыймаған
Өз елінің ұлтаны мен өз елінің сұлтаны.

«Адамды заман өсіреді» дегенің де есепшілік ұғым емес, үлкендер салған сүрлеуді даңғылға айналдыратын өскелең ұрпақтың жасампаз ісі мен қайсар мінезі, қажымайтын қаракеті мен сарқылмас тірлігі. Біздер аламанға қосылған ұлқыздардың амандығын ойлап, тақымын қысып отыратын ата атандық. Өркениетке бет алған жастардың тілеушісіне айналдық. Берер батамыз, айтар ақылымыз – бір ауыз сөз.

Жастарды елжандылыққа тәрбиелеу жұмысында іркіліс болмасын, бейқамдыққа жол берілмесін. Береке-бірлігіміз қашпасын. Белімізді ешкім баспасын. Атар таңымыз жақсылықпен жалғассын!

(Наурыз Қылышбаевтың «Жаңаталап жастары» кітабынан)

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Қазақ әдебиетінің алып тұлғаларының бірі – Мұқағали Мақатаев. Оның поэзиясы – халқымыздың жүрегінен орын алған асыл қазына. Мұқағали жырларынан туған жерге, халыққа, өмірге деген сүйіспеншілік пен адалдық аңқып тұрады. Ол өзінің қысқа ғана ғұмырында қазақ әдебиетіне өшпес із қалдырып, ақындықтың асқақ үлгісін көрсетіп кетті.

ЖЫРЫМЕН ЖҮРЕКТЕРДЕ ҚАЛҒАН МҰҚАҒАЛИ

Мұқағали Мақатаев Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ақынның туған күніне қатысты екі түрлі дерек бар. Ресми құжаттарда оның туған күні 1931 жылдың 9 ақпаны деп көрсетілген. Ақынның анасы Нағиман апа Мұқағалидың дүниеге келген уақыты басқа екенін айтқан: *«Мұқағалиым 1931 жылы наурыз айының 8-інде дүниеге келген болатын. Жаңылысуым мүмкін емес. Себебі балам мынау фәнидің есігін ашқаннан біраз күннен кейін Наурыз тойы болады, наурыз көже жасаймыз деп күтіп отырғанбыз».*

Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты Оразақын Асқар бұл туралы: *«Ал құжат бойынша Мұқағали 9 ақпанда дүниеге келген. Бұл куәлікті ақын ес білген кезде сол кездегі сайлау науқанына байланысты өзі жаздырып алған екен»,* – дейді.

Осылайша, Мұқағалидың туған күні туралы екі түрлі пікір қалыптасқанымен, ресми түрде 9 ақпан оның туған күні ретінде аталып өтіледі. Бірақ қай күні дүниеге келсе де, бастысы – Мұқағали қазақ әдебиетінің рухани әлемінде өз орны бар ұлы ақын болып қалды. Оның өміршең жырлары халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып қала бермек. Ақынның балалық шағы ел басына күн туған қиын кезеңдермен тұспа-тұс келді. Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы әр отбасыға ауыр тиді. Мұқағали да бала кезінен тағдырдың қатал сынын көріп, ерте есейді. Бірақ соған қарамастан, өмірге деген құштарлығын, ақындық рухын жоғалтпады. Оның шығармалары да сол өмірдің шынайы бейнесін көрсете отырып, оқырман жүрегіне жол тартты.

Мұқағалидың шығармашылығы халқымыздың рухани өмірімен тығыз байланысты. Оның поэзиясы – қазақтың жаны, ұлттық болмысы. Ақын жырларында адамгершілік, махаббат, ата-анаға деген құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік айрықша көрініс табады. Әсіресе, туған жер туралы өлеңдері әр қазақтың жүрегіне жылы тиеді.

«Таныс өлке,
Таныс аймақ,
Таныс маң:
Анау жерде - құрбылармен алысқам,
Анау жерде - құрбы жанмен табысқам.
Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,
Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.»

Бұл жолдар ақынның туған жеріне деген шексіз махаббатын айқын көрсетеді. Ол туған жерін қасиетті мекен санап, оның әр тасын, әр жусаны мен самал желін жырына қосқан. Мұқағали Мақатаевтың шығармалары тек бір дәуірмен шектелмейді, олар уақыт өткен сайын құндылығын арттыра түсуде. Ақынның поэзиясы – халықтың мұңы мен қуанышын, арманын, үмітін бейнелейтін шынайы айна. Ол махаббат, өмір, өлім, ана, бала, туған жер, табиғат секілді тақырыптарды қозғай отырып, оқырманның жүрегінен орын ала білді. Мұқағалидың ең танымал шығармаларының бірі – «Фариза, Фаризажан». Ақынның Фаризаға деген құрметі мен ағалық ізгі тілегі осы жырда көрініс тапқан. Өлең жолдары еркін, екпінді, әрі шынайы:

«Фариза!
Фаризажан, Фариза-қыз,
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.
Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,
Біріміздің біріміз арылармыз.
Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,
Шаң басқан архивтерден табылармыз.»

Бұл тек Фаризаға ғана емес, жалпы қазақ әйеліне арналған жыр. Мұқағалидың әйелдерге деген құрметі оның поэзиясында жиі көрініс табады. Сонымен қатар, «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін», «Үш бақытым», «Өмір-өзен», «Есіңе мені алғайсың», «Сарыжайлау», «Жапырақ жүрек жас қайың», «Күрсінбеші», «Сағыныш» сынды өлеңдері қазақ поэзиясының алтын қорына енген шығармалар. Бұл өлеңдерде ақын өмірге деген құштарлық пен махаббатты, сағыныш пен мұңды, қуаныш пен өкінішті шебер суреттейді.

Мұқағали Мақатаевтың туған күні – қазақ поэзиясы үшін ерекше күн. Осыған орай Алакөл ауданы Үшарал қаласының «Ілияс Жансүгіров» атындағы мектебінде ақынға арналған әдеби кеш ұйымдастырылды.

Бұл кешке мектеп оқушылары, мұғалімдер және ата-аналар қатысып, ақынның шығармашылығына деген құрметтерін білдірді. Іс-шара бірнеше бөлімнен тұрды. Шараның басында мектеп директоры Эльмира Кабдолдаева сөз сөйлеп, Мұқағали Мақатаевтың қазақ әдебиетіндегі орны мен оның мәңгілік мұрасының маңыздылығын атап өтті. Ол ақынның шығармалары ұрпаққа рухани азық болып қала беретінін айтып, оқушыларды Мұқағали жырларын терең түсініп, оны дәріптеуге шақырды. Кештің алғашқы бөлімінде Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы баяндама жасалды. Ақынның әдебиетке қосқан үлесі туралы айтылып, оның ең танымал өлеңдері оқылды. «Өлеңдер сайысы» өтті. Әр сыныптың оқушылары Мұқағалидың өлеңдерін жатқа оқып, өзара сайысқа түсті. Кеш барысында ерекше әсерлі, шынайы оқылған өлеңдер көрерменнің жүрегіне жетті. Ақын жырларын жан-тәнімен сезініп, тебірене оқыған оқушыларға арнайы марапаттар табысталды. Әдебиетке деген сүйіспеншілігі мен өнерге деген ықыласын көрсеткен Сая Кеңес, Анель Тоқтамыс, Бексұлтан Сабыржан, Айзере Серикова өздерінің шеберлігімен көпшілікті тәнті етті. Сонымен қатар, «Әндер шеруі» ұйымдастырылып, ақынның өлеңдеріне жазылған әндер орындалды. «Сарыжайлау», «Күрсінбеші», «Жапырақ жүрек жас қайың» сынды танымал әндерді оқушылар орындап, көрермендерді ерекше әсерге бөледі.

Бұдан бөлек, ақынға арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеде Мұқағали Мақатаевтың кітаптары, суреттері, өлеңдерінен үзінділер, ақынға арналған оқушылардың шығармашылық жұмыстары қойылды. Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған викторина өткізілді. Оқушылар ақынның өмірі мен өлеңдері туралы сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін сынады.

Іс-шара барысында мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Жанар Рысбекова, Арайлым Берікболқызы сөз сөйлеп, ақынның қазақ поэзиясындағы орны, оның шығармаларының тәрбиелік мәні туралы баяндады. Олар ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктеріне тоқталып, Мұқағалидың жырлары тек сұлулықты суреттеу емес, өмірдің мәнін, адам жанының тереңдігін ашатын құндылық екенін атап өтті. Сонымен қатар, оқушылар ақынға арнаған шығармашылық жұмыстарын таныстырды. Бірі Мұқағалиға арнап өз өлеңін оқыса, енді бірі ақын жырларынан алған әсерімен бөлісті. Шара соңында мектеп басшылығы белсенділік танытқан оқушыларға алғыс айтып, арнайы марапаттар табыстады. Іс-шара қатысушыларға ерекше әсер қалдырып, Мұқағали поэзиясының мәңгілік екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Осындай әдеби кеш арқылы біз Мұқағали мұрасын ұлықтап, өскелең ұрпаққа жеткізуді мақсат етеміз. Ақын өлеңдерін оқып түсіну – өзімізді тану, өмірді тану.

Мұқағали Мақатаев – қазақ әдебиетінің ең жарық жұлдыздарының бірі. Оның өлеңдері халықтың жүрегінде мәңгілік сақталады. Ақын жырлары арқылы біз өмірдің мәнін, табиғаттың сұлулығын, туған жердің қадірін түсінеміз. Оның әрбір өлеңі бізге рухани азық береді, болашақ ұрпаққа тәлім болады.

Сондықтан біз оның шығармаларын оқып, оны келер ұрпаққа жеткізуге тиіспіз. Ақынның әрбір өлеңі – жүректен шыққан сыр, өмірдің шындығы, адам жанының терең иірімдері. Оның жырлары уақыт өткен сайын құндылығын жоғалтпай, жаңа буын оқырманның рухани азығына айналып келеді. Мұқағали мұрасы – мәңгілік, оның жырлары әр қазақтың жүрегінде жаңғыра бермек!

Автордан: Қазақ әдебиеті – өткеннің ғана емес, бүгінгі күннің де айнасы. Алайда, қазіргі мектеп оқулықтарында Мұқағали Мақатаев, Сәкен Иманасов, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Қадыр Мырза Әли, Мұхтар Шаханов сынды ақындардың шығармалары аз қамтылғаны ойландырады? Бұл қаламгерлердің өлеңдері бүгінгі оқушылардың жан дүниесіне жақын, ұлттық рухты жаңғыртуға ықпал ететін туындылар. Олай болса, неге олардың еңбектері мектеп бағдарламасында кеңірек берілмейді?

Назерке НАБИКЕНОВА
Үшарал қаласы
Алакөл ауданы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

УКРАИНАДАҒЫ СОҒЫСТЫ КӨРГЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫН НЕ АЛАҢДАТАДЫ?

УКРАИНАДАҒЫ СОҒЫСТЫ ӨЗ КӨЗІМЕН КӨРГЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫН БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ҚАТТЫ АЛАҢДАТЫП ОТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ MASA.MEDIA УКРАИНАДА СОҒЫС КЕЗІНДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ЖУРНАЛИСТ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНАН СҰХБАТ АЛҒАН. НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА СҰХБАТТЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ҰСЫНАМЫЗ:

«Киевке өзі қызмет ететін телеарнаның тілшілер қосынын құруға келген қазақстандық жас журналист Аида Қыдырбай ә дегеннен сергелдеңге тап болды. Тағдырлы Украинаның «тар жол, тайғақ кешу сәттерін: әлем назарын аударын Майданның бас-аяғын, Қырым аннекциясын, Доннбастағы антитеррорлық әрекеттерді өз көзімен көріп, басынан өткерді. Ал 2022 жылы Ресей Украинаға басып кірген аласапыран уақытта оқиға ортасында жүрген Аида тілші ғана емес, перзентінің болашағы үшін алаңдайтын ана еді. Бүгінде Еуропада босқын статусын алды...». («8 жылға созылған іссапар» кітабынан, 2024 жыл).

– **Аида, кітабыңды оқып, өзіңді жаңа қырыңнан таныдық. Батыл екенсің. Оқ пен оттың ортасында қиналып жүрген сәттеріңді бөліскенде, «мына қыз неге елге оралмайды» деген ой еріксіз келеді. Қызыңды алып, Қазақстанға неге қайтып келмедің?**

– Сәлем, Мөлдір, сұрағыңа рақмет! Батыл болуды басқа түскен сынақ, соғыс және сол сын сағаттардан сағы сынбай келе жатқан Украина жұртынан үйрендім. Қала берді, Мөлдір, өзім де қазақтай қайсар, ержүрек елдің қызымын ғой. Осал болуға еш қақым жоқ. Оған қоса ол кезде мен екі бірдей мемлекеттік арнаның Украинадағы арнайы тілшісі едім. Бұл деген ел жүгін арқалаумен тең үлкен жауапкершілік. Бәрін жол ортадан қалайша тастап кетемін? Журналист ретінде үнемі оқиға орнында болуым керек. Әсіресе тв журналистері үшін сөзден гөрі шынайы ақпаратқа негізделген видео, интервью, дыбыстық қыстарма дегендер өте маңызды, өзің де білесің. Сол үшін соғыс енді басталған уақытта мен мемлекеттік арналармен келісімшарт негізінде жаңалық беруді жалғастыра бердім.

Шекарадағы босқындар, әскери бекеттер, дүкендердің жай-күйі, жарықтың, жанармайдың жағдайы… тағы басқа да әлеуметтік ақпараттар менің назарымнан тыс қалған емес. Десе де майданның алғы шебінен қазақ тілінде әскери жаңалықтарды жеткізу, нағыз қайнаған соғыс ошағынан қазақ тілінде сараптама жасау жағы ақсап жатты. Мені өкіндіретіні осы фактор. Ақпараттық қауіпсіздік деген де осындай нәрселерден басталады. Біз әлемдегі кез келген жағдайды еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де назарда ұстап отыруымыз қажет деп білемін.

– **«Хабар 24» арнасы сен түсірген кадрларды эфирге шығарды ма?**

– «Хабарға» аяқастынан топ ете қалған адам емеспін ғой. Біреуге аз, біреуге көп - он екі жыл өмірімді арнаған телеарна. Осы арнаның босағасынан студент боп аттап, халықаралық деңгейде тісқаққан журналист боп қалыптасқан шағымда кеттім. Рас, сонау майданнан басталып, соғыс ошағынан түсірілген кадрлар телеарна қорында қалады. Олардың эфирден берілу-берілмеуі арнаның құзырындағы дүние. Ал өзім үшін бастысы – мен журналистік кәсіби міндетімді мейлінше адал атқардым. Алда да солай бола бермек. Сондықтан ертең-ақ әлем үшін құнды тарихи фактілерге айналар кадрлар жасағаныма еш өкінбеймін. Қарап отырсам, бүтін бір елдің үш бірдей басшысынан - Янукович, кейін Порошенко, сосын Зеленскиймен сұхбат алыппын.

Әлемнің әр тұсынан жиналған әріптестерімнен таласа-тармаса жүріп, кейде сытылып, суырылып алға шығып, бірде оза шауып осы сұхбаттарға қол жеткізу оңай болмады. Оны журналист ретінде өзің де түсінесің деп ойлаймын. Одан бөлек майдандағы қырғынды, қантөгісті, мүрделерді, өртке оранған алаңды, адамдарын арнаның операторымен жүгіріп жүріп, өзім де жеке мұрағатым үшін өз камераммен, кейде телефонмен түсіре бердім. Осыдан-ақ жеке қорымда қаншалықты құнды мәліметтер бар екенін топшылай берсең болады.

– **Шығармада «өр рухты украиналықтар жеңіске жетеді» деп жиі жазғансың. Дегенмен, сөз арасында халық қажып кеткенін де байқауға болады. Украина үшін жеңіс деген не?**

– Кітапты мен соғыс оты енді ғана бұрқ ете қалғанда жаздым ғой. Ол тұста мені қойып, украин халқының өзі алай-дүлей күй кешті. Қабылдау қиын болды. Шайдай ашық аспаныңды бір күнде қара бұлт шалса, қайтер едіңіз? Менің де бойымды сан алуан сезім биледі. Ондайда түрлі эмоцияның болуы заңды да, өйткені мен турист емеспін. Украинаның тұрғынымын. Ішкі жағдайды жаңалықтан емес, өз көзіммен көрдім. Жан-тәніммен сезіндім… Ал бірақ, бұл соғыс ел күткендей болмады. Ащы ішектей созылып кетті. Қарапайым халық, шыны керек, шаршап, арып-ашып тозып кетті... Соғыстың еш мемлекетке опа бермейтінін түсінді. Иә, соғыс бірді-екілі үлкен фигуралар үшін бизнес көзі болуы да бек мүмкін. Бірақ бүтін бір ұлт үшін нағыз геноцид дер ем. Қалай десек те Украина өр рухты, қайсар халық екеніне көзім жетті. Өзіңнен әлдеқайда әскери қуаты, күші басым, қаражаты көп ірі жауыңмен үш жыл бойы соғысуға техника мен сарбаздан бұрын үлкен ЖҮРЕК керек қой. Дегенмен дәл осы сұхбатты беріп отырғанда айтарым – “жеңіс” деген позиция енді кеш... Өйткені миллиондаған өлім, жап-жас қыршыннан қиылған тағдырлар, психикасына зақым келген жанұя, мүгедектер, тұтқындар, қанша шаңырақ ортасына түсті, табиғатқа келген залал қанша, қарызды қай ұрпағы қайтарады? Бұл шығынның орнын енді ешқандай жеңіс толтыра алмас…

Басында болыспақшы болған Еуропа мен батыс та өз күйін күйттеп кетті. Сенгені сырт айналғандай күй кешкен украин халқы соғыстан әбден шаршады дегенім сол. Түрлі сойқанды көзбен көрген адам ретінде айтайын саған, СОҒЫС ешкімді аямайды. Тек құрдымға жетелейді. Елімнен, қазағымнан соғыстың беті аулақ болсын, ешқандай жағдай соғысқа жеткізбесін.

– **Соғыс саған нені ұқтырды?**

– Бейбіт күнге жетер бақыт жоқ екенін ұқтым. Мемлекеттің басты байлығы – адамы. Аспаның ашық, ұшағың уайымсыз ұшып-қонып, халқың аман-есен, бақуатты ғұмыр кешсе – бақыт деген сол. Қарап атқарған ел ғана елдігін, тәуелсіздігін сақтап қалмақ.

– **Қазақстанның көп векторлы саясатына қалай қарайсың?**

– Соғыстың кермек дәмін татқан адам ретінде бойымды қанша эмоция билесе де, елімнің бұл ұстанымын теріс дей алмаймын. Қазақстан қуатты державалармен, беделді дамыған елдермен, оның ішінде әсіресе көршіқолаңымен тату, жылы, ынтымақтастық қарым-қатынас орнатқаны дұрыс. Оны көзіміз көріп отыр. Әрине, мен «Ресейден іргені аулақ салу керек, Қытаймен қарым-қатынаста абай болу керек» деп ішкі үрейіммен кеңестер беруіме болар еді. Бірақ, саясатта эмоцияға жол жоқ, салқынқандылық керек. Бір мысал айтайын, соғыс енді басталғанда Украинаның Қазақстандағы елшісі Петр Врублевский эмоциямен сөз сөйледі де ақыры қызметінен кетті ғой. Әлі күнге дейін елімізде Украинаның елшісі тағайындалмады-ау, білуімше? Енді өзіңе сұрақ: кім ұтты, кім ұтылды? Сыртқы саясатта, әсіресе соғыс уақытында Украинаны Елшісіз қалдырған мемлекеттік қызметкердің бұл қылығын оң дей аласыз ба?.

Мен үшін елімнің егемендігінен, амандығынан асқан бақыт жоқ. Сондықтан, ешкімнің еш уақытта еліме көз алартқанын қаламаймын да тілемеймін. Дегенмен еліме қазақ даналығына салып, «бауырмал бол, бірақ бейқам болма» дер едім. Рас, билікке айтар базынам өте көп. Әлемдегі болып жатқан жағдайлардан сабақ алып, халықтың ашуымын ойнауға болмайтынын ескерсе екен деймін. Экспансия көп. Халық аш-жалаңаш, көңілі жүдеу болса, оны өз дегеніне жетелеп кететін күштер қашан да табылады. Ал билік, қоғам, халық үшеуі үш жаққа қарағанда ошақтың басын ұстап тұру қиын. Бірлігі мықты, азаматы адал елді ғана жау ала алмайды.

тұрсаңыз, Украина да Еуропаның қақ ортасына қоныс тепкен, кеше ғана еш қамсыз, уайым-қайғысыз отырған ел еді ғой. Бүгінгі күйі - мынау, ертеңі - тіптен бұлыңғыр. Халқы босып кетті. Неге? Өйткені жау жағадан алғанда, іштегі «бөрісі» етектен жармасты. Жемқорлық жойылған жоқ. Ал жемқорлық деген - жегі құрт, онымен айналысу - елге деген опасыздық. Сондықтан аса сақ болған абзал. Әр азаматы өз қызметін адал

gaz 365.kz
Жалғасы бар

Бейсенбі - Четверг, 13 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі
06.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 «Фиш и Чипс»
09.30 Сериал «На твоей стороне-2»
11.30 «Бауыржан-шоу»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 21.45 Телехикая «Келінжан-4»
14.00, 20.00 Телехикая
16.00, 23.45 Сериал «С волками жить»
18.00 Новости
18.30 Ток-шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.30 «Тамаша»
22.45 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00.01.50 Паутина
07.00.19.00 «Koremiz шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Анатомия сердца»
13.00 «Пусть говорят»
14.00.01.20 «Новости»
14.15, 01.35 «ЖаңалықтарАР»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.35 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.00 Вечерние новости (повтор)
09.40 «Золото-1»
11.40 «Гром среди ясного неба», мелодрама (повтор)
13.30 «Маруся», мелодрама
15.30 «Сашка», мелодрама.
17.30 Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат», ток-шоу
21.00 Вечерние новости
21.40 «Гром среди ясного неба», мелодрама.
23.40 «Золото-1», остросюжетный детектив
01.40 «Сашка», мелодрама (повтор)
02.25 «Өткен күндер-1»
05.20 Астарлы ақиқат (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Жетісу әуендері»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 Ауа райы
16.20 «Жетісу әуендері»
17.30 «Өзекжарды»
17.50 «Бастық»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.15 «Жетісу әуендері»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіп студио»
06.30 «31 әзіл»
07.00 Информбюро (рус., каз.)
07.50 «TikTok show»
08.30 Мультсериал «Буба»
09.00 М/с «Команда мстители»
09.30 «ҚҰЙЫНДЫ МЕКЕН»
11.00 Телесериал «Нархоз. Студент көке»
12.00 «Күліп All» ойын-сауық бағдарламасы
12.30 «Без жалости» (повтор)
14.40 «Плохие парни»
17.10 «Плохие парни-2»
20.00 Информбюро (рус, каз.)
21.00 к «Терминатор. Да придет спаситель»
23.10 «Құйынды мекен» телехикаясы.
00.30 «31 азіл» ойын-сауық бағдарламасы
01.30 Реалити-шоу «Келіндер байгесі»
02.20 «Time Vine»
02.50 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Өзіл»
04.30 Телевикторина
05.00«What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая
07.00, 18.30 Т/х «Сезім үшін»
08.00, 17.00, 18.15 Телехикая
09.25.00.30 Жаңалықтар
09.40.00.45 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
12.50, 22.40 Сериал «Осиное гнездо»
15.00 Сериал «Брак по завещанию»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
01.05 Телехикая
02.00 Жайдарман
03.00 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.20 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Жұма - Пятница, 14 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 «Фиш и Чипс»
09.30«На твоей стороне-2»
11.30«Бауыржан шоу»
12.00 «NEOсеть»
12.15 «Народный контроль»
12.30,21.45 «Келінжан-4»
14.00,20.00 «Бахар»
16.00,23.45 «С волками жить»
18.00 Новости
18.30 «Талқы»
19.00 Жаңалықтар
19.30«Тамаша»
22.45 «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@утина»
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00«Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро,Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
11.50 «Анатомия сердца»
13.00 «Пусть говорят»
14.00,01.30«Новости»
14.15,01.45 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»бағдарламасы
18.30,02.40«Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.50 «Поле чудес»
22.00 «Тайны города М. След куницы»
03.05 «Ең алғашқы»бағдарламасы

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.00 «Вечерние новости»
09.40 «Золото-1»
11.40 «Гром среди ясного неба»
13.30 «Маруся»
15.30 «Сашка»
17.30 «Реальная мистика»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние Новости
21.40 «Держи меня за руку»
01.40 «Сашка»
02.25 «Өткен күндер-1»
05.20«Дау-дамайсыз»
06.05 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «19 регион»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Шыңырауданшыңға»
14.15 «Жетісу әуендері»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.45 «Шіркін-ай»
18.00 «Айтыс»
18.15 «Жетісу әуендері»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Абадан»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30«31 әзіл»
07.00«Информбюро»
07.50 «Тик ток-шоу»
08.30 «Буба»
09.00 «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен»
11.00 «Нархоз.Студент көке»
12.00 «Күліп All»
12.40 «Хищник»
14.50 «Плохие парни -2»
17.50 «Терминатор.Да придет спаситель»
20.00 Информбюро
21.00 «На крючке»
23.10 «Құйынды мекен»
00.30 «31 әзіл»
01.30 «Келіндер бәйгесі»
02.20 «Тайм вайн»
02.50 «Тик ток»шоу
03.20 What 's up?
04.00 «Әзіл студио»
04.20 1001 Өзіл
04.30 «BALA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02«Ата-ана.Бала-шаға»
07.00,18.30 «Сезім үшін»
08.00,17.00,18.15 «Абысындар-2»
09.25,02.40Жаңалықтар
09.40,02.55 Новости
10.00,20.00 «Великолепный век.Хюррем»
11.00,21.00«Бесценное время»
12.50,22.40«Осиное гнездо»
15.00 «Брак по завещанию»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
00.30«Динара Сатжан»
03.15 «Тек қана қыздар»
04.15Жеңіп көр
05.15 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 15 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Маңдай тер»
07.00 «Қош бол, Гүлсары!»
09.00 «Президенттік резерв»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 «Стражи Арктики»
11.20 «Корги по имени Моко. Защитники планеты»
12.00,21.45 «Вызов»
14.00 «Қызық таймс»
15.30 «Асыл домбыра»
16.45 «Тамаша»
17.15 «Любой проблема шешемиз»
19.00 «Cover show»
21.00 «7 күн»
23.45 «ОйнаIQ»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00,04.15 «Той Базар»
07.50,02.55 «П@утина»
09.30 «Qаймақ»
10.05 «Улики из прошлого. Забытое завещание»
13.35 «Чужие и близкие»
17.20 «Три аккорда»
19.00 «Koremiz»шоу
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.30 «Заң мен ел»
20.55 «Уголь»
00.45 «Бой с тенью-2:Реванш»

КТК

07.05 «Закира»
08.45 «Өнерлі отбасы»
09.35 Вечерние новости
10.15 «Держи меня за руку»
14.00 «Реальная мистика»
17.40 «Шаншар»
21.00 «Ожидается ураганный ветер»
01.00 «Сашка»
02.40 «Өткен күндер-1»
04.00 «Жалған»
05.35 «Өнерлі отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Жетісу әуендері»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 М/ф «Отырарды қорғау»
14.30 «Абадан»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Аман болайық»
15.45 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Чемодан»
18.00 «Жарқыра»
18.40 «Келіп көр»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.40 «Менің анам»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Time Vine»
07.30 «TIK TOK show»
08.00 «Буба»
09.00 «Команда Мстители»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Шымкент-шоу»
13.00 «Байдың қызын аламын»
14.50 «Три богатыря и принцесса Египта»
16.25 «Вперёд»
18.25 «Принц Персии.Пески времени»
20.30 «Черная пантера»
23.00 «Добро пожаловать в ZOMБИЛЭНД»
00.40 «Игра на выживание»
02.00 «Bizdin show»
03.40 «Time Vine»
04.00 «31 әзіл »
04.40 «Әзіл студио»
05.00 «1001 әзіл»
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00 «Ата-ана.Бала-шаға»
07.30,17.00 «Абысындар-2»
09.00 ЮМОР!ЮМОР!ЮМОР!
10.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.30,21.00 «Бесценное время»
14.10 «Другая женщина»
16.10 «Шаншар»
19.00 «Таптым-ау сені»
22.40 «Орел и Решка»
01.10 «Өкесінің баласы»
00.40 «Тек қана қыздар»
02.00 Жайдарман
03.00 «Жеңіп көр»
04.30 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Жексенбі - Воскресенье, 16 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Маңдай тер»
07.00 «Сұлтан Бейбарыс»
09.15«Президентский резерв»
09.45 «Стражи Арктики»
10.45«Пушистый шпион»
12.00,23.15 «Город лжи»
14.00«Cover show»
15.30 «ОйнаIQ»
16.45 «Тамаша»
17.30 «Бітпейтін той»
19.00 Концерт
21.00 «7 күн»
21.45 «Қызық times»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.00«Той базар»
08.05,02.15 «Паутина»
09.00 «Воскресные беседы»
09.10 «Путешествие с домашними животными »
11.05 «Улики из прошлого. Индийская невеста»
14.40 «Опекун»
18.15 «Сезон посадок»
20.00 «Аналитика»
20.45«Уголь»
00.30 «Фантастика»

КТК

07.05«Мерекелік концерт»
07.25 «Шаншар»
10.35 «Ожидается ураганный ветер»
14.15 «Реальная мистика»
18.00 «Ғазизхан Шекербеков»ән кеші
20.00 «Кел,шырқайық!»
21.00 «Әнім сен едің»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Личные счеты»
01.00 «Сашка»
01.45 «Өткен күндер-1»
04.15 «Кел шырқайық!»
05.10 «Шаншар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра
12.00 «Жарқыра»
12.35 «Шашу»
13.10 «Менің анам»
13.30 «Келіп көр»
13.45 «Ұлт ұяты»
14.25 «Мақсатына жеткендер»
15.00 «Шаңырақ»
15.55 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Сарбаз»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Абадан»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
19.50 «Тарихнама»
20.00 «Ділмар»
20.40 «Айтыс»
21.05 «Әсем әуен»
22.00 «Шіркін-ай»
23.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00«Әзіл студио»
07.00«Time Vine»
07.30«TIKTOKshow»
08.00«Буба»
09.00 «Команда Мстители»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.20 «Буба»
11.00 «Три богатыря и принцесса Египта»
12.30 «Вперед»
14.30 «Принц Персии.Пески времени»
16.50 «Черная Пантера»
19.30 «Плохие парни навсегда»
21.50 «Хищники»
23.50 «ZOMБИЛЭНД Контрольный выстрел»
01.20 «31 әзіл»
02.20 «Күліп all»
02.50 «Тик ток» шоу
03.20 Тайм вайн
03.50 1001 әзіл
04.00 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 «Әзіл студио»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 «Ата-ана.Бала-шаға»
07.00,17.00 «Абысындар-2»
08.00 ЮМОР!ЮМОР!ЮМОР!
10.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.30,21.00«Бесценное время»
14.10 «Зимняя вишня»
15.50 «Орел и Решка. Казахи»
19.00 «Таптым-ау сені»
23.00 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
00.00 «Әзіл әлемі»
01.00 «Тек қана қыздар»
02.00 Жайдарман
03.20 «Жеңіп көр»
04.40 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАҢ ТЕКСТЕРІНДЕ ҚАТЕ БАР. КІМ КІНӘЛІ?

Соңы. Басы өткен сандарда

Мәжіліс құрамындағы жаңа депутат Жанарбек Әшімжан жұмыс топтарындағы талқылау негізінен орысша жүретінін айтып, аудармада қате кездесетінін мойындап отыр.

ПАРЛАМЕНТ НЕ ДЕЙДІ?

– Заңның қазақша нұсқаларының сөйлем құрылысында, логикасында қате кездесетіні рас. Үкімет ұсынған заң жобалары негізінен орысша дайындалатын болса керек. Парламенттің заңнама бөлімі сол заңдарды редакциялап, өңдеумен шұғылданады. Парламентте заң екі тілде: қазақ және орыс тілінде қабылданады, бірақ жұмыс топтарындағы талқылау негізінен орыс тілінде жүреді. Парламентте қазір "Көрнекі ақпарат құралдары туралы" заң жобасы бастан-аяқ қазақ тілінде талқылынып келе жатыр. Өкінішке қарай, парламент те, үкімет те орысшаға бейім, – дейді ол.

Парламент мәжілісі аппаратының редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі Дәуітәлі Омашұлы заңның мемлекеттік тілде қабылданбауы мен сапасыз аударма, терминологиялық бірізділіктің жоқтығы қазақ тіліндегі заңдарды күрделендіре түседі деп санайды.

– Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, парламентке дейін осы жобалардың сол тілдегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, жұмыс топтарында да жобамен жұмыстың негізінен орыс тілінде жүргізілуі, ұлттық заңнама тілі мен терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байлануы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Тиісті сала маманының, заңгердің тезінен өтпеген ұлттық термин кейінгі қолданылу жағдайы болжанбай, жалғыз аудармашының ой-өрісіне байланып, бір қайнауы ішінде кетеді, – дейді ол.

Дәуітәлі Омашұлы нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлеуге мұрындық болып, оны құқықтық сараптамадан өткізетін Әділет министрлігінің өзінде кәсіби аудармашы маман бар екеніне күмән келтіреді. Оның сөзінше егер заңды мемлекеттік тілде жазуға көше бастасақ, бұл істі осы министрліктен бастау керек, өйткені заң жобасы қай салада әзірленсе де заңның табиғатын, заң нормасын, заңи техниканы қадағалайтын Әділет министрлігінен өтеді.

«Қазақстан Республикасындағы норма шығармашылығы қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан үкіметінің 2019 жылғы қаулысы бойынша Әділет министрлігі заң актісі жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптаманы қамтамасыз ететін уәкілетті ұйым саналады.

ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ НЕ ДЕЙДІ?

Біз Әділет министрлігіне хат жазып, заң жобалары парламентке дейін тек орыс тілінде ғана талқылана ма деген сұрақты қойып көрдік.

Әділет министрлігі заңнама департаментінің директоры Арман Кенжеғалиев ғылыми лингвистикалық сараптама мақсаты – қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің түпнұсқаларының бірдейлігін тексеру, аударманың мағыналық мазмұнын дәл белгілеу, мәтін тілі мен стилін қазіргі қазақ тілінің нормаларына сәйкес келтіру, заңнамада қолданылатын терминдердің бірізділігін сақтау екенін айтты, бірақ оның қалай орындалып жатқаны жайлы тіс жармады.

Оның сөзінше, Әділет министрлігі заң жобаларындағы редакциялық, орфографиялық және өзге де қателіктерді жою бойынша әзірлеуші-мемлекеттік органға ескерту бере алады. Бірақ заңға ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу үшін 15 жұмыс күні беріледі. Осы уақытта заң жобасын егжей-тегжейлі қарап, заңды әзірлеуші мемлекеттік органдарға ұсыныстарын жібереді.

Алайда Құқықтық актілер туралы заңның 60-бабында бұл ескертулердің заң күші жоқтығы көрсетілген. Демек заңды әзірлеуші органдар Әділет министрлігінің ескертпелерін жүзеге асырмаса да жауапқа тартылмайды.

Қазақстан конституциясы бойынша, заң жобаларын мәжіліске ұсынатын үш субъектінің бірі – Парламент депутаттары. Қазірге дейін «Көші-қон туралы» және «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» деп аталатын екі заң ғана мемлекеттік тілде қабылданған. Үкімет те, парламент депутаттары да қазақ тілінде басқа заң жобаларын ұсынбаған.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсетілген.

Лингвист Бижомарт Қапалбек заң қазақша әзірленіп, қабылданатын болса қазіргідей аударма жасап әуре болмас едік деп санайды. Бірақ ол үшін заңды әзірлейтін сала министрліктерінің қызметкерлері мен парламент депутаттары қазақша жетік білуі керек. Лингвист бұған үлкен күмәнмен қарайды...

(Азаттық сайтынан)

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНДЕ ҚАТЕ КӨП

Maqsut Narikbayev University ұстаздары бүгінде қазақша заңдардың мәтініндегі қателерді анықтап, олардың дұрыс нұсқасын түсініктемесімен бірге келтіріп, сөздік құрастырып жатыр. Аударманың қиындығынан терминдер сан түрлі нұсқада аударылған. Ондай жайттар Конституцияда да, Кодекстерде де, заңдарда да көп кездеседі. Бұл кемшілікті түзеуді қолға алған заң ғылымының мамандары қазақша заң терминологиясының сөздігін құрастыруға кіріскен екен.

Жоба авторы қазақ тіліндегі заңдарда қателердің мың-мыңдап өріп жүргенін айтады. Ол қандай қателіктер? Сөздіктің қандай пайдасы бар? Журналист сұрағына жоба авторы, университеттің ассистент-профессоры Сағидолла Баймұрат жауап берді. Сұхбат 2023 жылдың наурыз айында жүргізілген екен, біздің ойымызша, бұл мәселенің актуальдылығы бүгінгі күнде де өзекті мәселе болып табылатындықтан оны жариялауды жөн көрдік. Себебі сұхбатта айтылған кемшіліктер бір күндік жұмыспен шектелмейді.

– Елімізде қазақша заң терминдерінің сөздігі құрастырылып жатыр екен, сіздер қолға алған сөздіктің мақсаты не? Ол қандай мәселені шешеді?

- Университетте істеп жатқан жобаларымның бірі – қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздік. Біріншіден, қазақша заң мәтіндері аударма болғандықтан, ішінде қате өте көп. Бұл қателердің болғаны қазақ тілінде білім алушыларға, заңгерлерге, басқа да заңды тұлғалар мен жұртқа түсініксіз. Сондықтан бұл сөздікте орыс тіліндегі ережелерін салыстыру арқылы келтіреміз. Мысалы, «убытки» деген сөз болса, қазақшада бір жерде «залал», бір жерде «шығын», «зардап», «нұқсан» деп жүрміз. Сөйтіп, бір сөздің 4-5 аудармасы шығады. Енді қазақ тілді заңгер үшін қайсы дұрыс деген сұрақ туады. Орыс тілінде бәріне түсінікті. Азаматтық кодекстің 9-бабында ол туралы айтылған. Қай заңда да «убытки» айтсаң сол бір мағына шығады. Ал бізде шығын туралы айтсаң бір басқа, залалды айтсаң екінші мағына береді. Оларды қарастыра келе, менің ұсынысым – «шығын» болса деймін. Себебі, орысшадағы «убытки» – нақты залал, ол «ушерб» пен «упущенная выгода» деген түсініктерден тұрады. Оның қазақша мағынасы, алынбаған пайда мен нақты залал, біз соны біріктіріп көрсетуіміз керек.

Екінші жағынан, бұл қателерді көрсететін сөздік болғаннан кейін мемлекеттік билік, мемлекеттік аппарат назар аударуға тиіс. Сол арқылы Президент әкімшілігі болсын, Әділет министрлігі болсын, Сенат пен Мәжіліс болсын, Қазақстан заңдарында қанша қате бар екенін көреді. Санап отырсақ, сондай қателердің саны екі мыңға жетті. Яғни, бір сөздің әр жерде әр түрлі келуін айтып отырмыз. Сосын, сол қателіктер қайталана береді. Мысалы, Кодексте қате кетсе, одан төмен тұрған заңда да қате жазылады. Заңда солай болған соң Үкіметтің қаулысында қате болып тұрады. Соңында оқырманға түсініксіз болады. Сосын қазақша нұсқасын ешкім қолданғысы келмей, орыс тіліндегі заңға жүгінеді. Сайып келгенде, екінші мәселеміз, заң шығарушы органға, атқарушы билікке осы жұмысымызды жеткізу. Мұндай жұмыспен қазір айналыспасақ, 15-20 жылдан кейін қандай құқықтық қоғам тәрбиелеп шығарамыз?!

Үшінші мәселе, орыс тілін меңгерген, қазақша түсінбейтін студент, заңгер не қарапайым халық болсын, олар осы айырмашылықты көреді. Мысалы, қазақша шала білетін адам Үкіметтің қаулысын ашып қарап, аударма сын оқи бастағанда қалай жазылып тұрса, солай қабылдайды. Себебі, Үкіметтің, заң шығарушылардың шешімдерінде жұрт солай қабылдау керек деп жазылады да онысын қате жазып қояды. Демек, қазақша оқығысы келетін адам қатты жаңылады.

– Жұмыс қашан басталды және қашан бітеді? Оның кімге ұсынасыздар?

– Осы мәселені автор ретінде қолға алып, былтыр қыркүйекте кірістік. Басында ауқымы осынша ұлғаяды деп ойламадық. Бұйырса, тамыз айына дейін бітіруіміз керек. Үлгермеген жағдайда жылдың соңына дейін аяқтаймыз деген ойдамыз. Сөздікті басып шығарған соң ол жаңартылып тұру керек. Сөйтіп, екінші басылымда одан да көп қателікті көрсетеміз. Біздің қазіргі мақсатымыз мың сөзге дейін жеткізу. Мұндағы мың сөздің ішіне қазақша аудармадағы қателіктің бәрі кіреді. Орысша бір сөз бес түрлі аударылса, демек, бес қате дегенді білдіреді. Бірақ, сол бір сөзді көрсете отырып, оның құқықтық жүйедегі бірнеше құқықтық актісін көрсетеміз. Яғни, мысалдары бірнешеу болады. Бұл еңбектің құнын арттырады. Сол еңбегіміз жарияланған соң заң шығарушылар көрсе, сөйтіп заң түзелетін болса, Қазақстандағы құқық тілінің дұрысталғандығының көрсеткіші болары сөзсіз.

– Заң мәтінінен басқа да оқулық аударумен айналысасыздар ма?

– Біз осы сөздікті жасап қана қоймай, қазір кітап аударуға да кірістік, тығыз айналысып жатырмыз. Құқықтық ғылымның өз ерекшелігі бар. Англиядағы, басқа елдегі кітапты аударатын болсақ, біздің жағдайымызға келмейді. Құқықтық идеялар, конституциялық ұғымдар, демократиялық институттар атауы бойынша қабылдай алатын шығармыз. Бірақ оны ереже етіп қолдану, заңға енгізу оңай емес. Сондықтан шетелдік емес, өзіміздің орысша жазылған кітаптарды аударуды мақсат еттік. Өзіміздің университетте авторларымыз бар. Солардың жұмысын аударамыз. Содан кейін банк құқығы, жеке құқық бойынша басқа оқулықтарды тәржімалаймыз.

Бір қызығы, осыған дейінгі аудармаларда мына заң қате дегенді көрмейсіз. Бізде мысалы, Украинадан келген ғалым әкімшілік құқық туралы кітап жазды. Оның ішінде Конституцияға, заңдарға сілтеме жасайды. Мен аударған кезде, сол заңды аудармаймын. Тек ол кісі алған баптың, айталық Конституцияның бір бабының қазақшасын алам. Ал орысша «лицо» деп тұрғанды қазақшасында «адам» деп қойған. Егер де «лицо может быть президентом» дейтін болса, ол адам екені түсінікті. Ал «лицо» жеке не заңды тұлға ретінде айтылса, оны «адам» деп жаза алмайсың. Онда «тұлға» деп жазылу керек.

Екі жыл бұрын Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданды. Өте маңызды құжат. Мемлекеттік органдар өздерінің дұрыстығын өздері дәлелдеу керек. Онда «лицо» дегенді бүкіл жерде «адам» деп жазған. Ал мен оны алам да белгісін қойып, төменгі жағына «бұл Кодекстегі ереженің мына жеріндегі сөз қате» деп жазып түсіндірем. Сол секілді кодекстердің ішінде «ратификация» деген сөз бар. Конституцияда оны «бекіткен» деп қойған. «Халықаралық шарттар бекітілсе, заңдардан жоғары тұрады» дейді. Ол қате. «Ратификацияланған халықаралық шарттар» біздің заңдардан жоғары тұруға тиіс. Себебі, ратификация – Парламенттің құжаты. Ал бекіту – премьер-министрдің бекітетін құжаты. Сонда бір сөздің кесірінен Үкіметтің құжаты заңнан жоғары болып кетейін деп тұр. Конституцияны оқытатын мұғалім осы қателіктерге назар аудару керек.

Біз қазір осы мәселеге байланысты доктриналық коррекция деген термин енгізіп жатырмыз. Мысалы мен ғалым, заңгер ретінде аударма жасасам, ондағы қателікті көрсетуім менің ғалым, маман ретіндегі еңбегім, интеллектуалдық жұмысымның нәтижесі. Сол нәтиже доктриналық коррекция деп аталады.

– Терминологиялық комиссиямен байланыстасыздар ма?

– Терминологиялық комиссия біз айтып отырған «убыток» деген сөзді бес түрлі, «ущерб»-ті үш түрлі етіп енгізіп, бекітіп қойған. Оны аудармашы қарағанда қалағанын алып пайдалана береді. Тағы бір қызығы, терминкомда 300 мыңнан астам сөз бар деп көрсетеді. Бірақ оның бекітілгені 30 мың ғана. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын мың-ақ сөз бекіткенбіз. Сонда мемлекеттік деңгейде құқықтық терминология қалыптастыру үшін қанша жыл күтуіміз керек? Сондықтан терминкомға жылына 2-3 мың сөз бекітейік, дұрыс еместерін жояйық деп ұсыныс жасап отырмын.

Ербол ТҰРЫМБЕТ.
«Халық үні» газетінен

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

СЫЛТАУ ЕМЕС, НАҚТЫ ІСКЕ КӨШУ КЕРЕК

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдері толыққанды меңгеріп алып, мемлекеттік мекемелерде табысты еңбек етіп жүргенін көргенде мәре сәре болып, риза болып жатамыз. Ал, сот процестерінде өз ұлтымыздың атпалдай азамттары ана тілін түсінбеймін деп, аудармашы талап етіп тұрғанын көргенде қатты қынжыласың. Өзге тілдерге көлеңке түсірмей ақ, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндіктер жетіп жатыр емес пе.

Сайып келгенде, елімізде Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстанда тұратын халықтар тілін сақтай отырып, мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саланың барлығында қолданысқа енгізу және өмірлік қажеттілікке айналдыру бағытында айтарлықтай жұмыстар атқарылу үстінде. Осы орайда, мемлекеттік органдарда, соның ішінде, соттарда да қазақ тілінің қолданыс аясын кеңіту жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, Тіл туралы заңның 4-бабына сай шығыс және ішкі құжаттар мемлекеттік тілде тіркеліп, хат-хабар қазақ тілінде алмасылуда. Сонымен қатар, Жоғарғы Сот шешімдер мен үкімдерге, яғни, сот актілеріне қойылатын тілдік талаптарды күшейтті. Сот тіл заңдылықтарының сақталуына кепілдік беріп қана қоймай, мемлекеттік іс жүргізуді сапалық белеске көтеруге бағыт алып отыр. Оған барша сот қызметкерлері белсенді атсалысуда.

Алайда, мәселені толық шешу үшін бірден барлық шараларды мемлекеттік тілге көшіре салу оңай шаруа емес. Бұл тыңғылықты даярлықты, үйлесімді көзқарасты талап етеді. Сол үшін бізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдайлар туғызылып жатыр. Бұған дәлел бәр жерлерде мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, өз бетінше тіл үйренушілерге арналған аудио және бейне таспалар, оқулықтар, сөздіктер шығарылуда. Мұның бәрі тіл үйренем дегендерге нақты көмек көрсету құралдары болып табылады. Бұл көрнекі құралдарда қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты да толық мағлұматтар беріліп отырады.Бір сөзбен айтқанда көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар мемлекеттік тілді осындай қамқорлықтың арқасында тәптәуір меңгеріп кетеді. Бұған нақты мысалдар да аз емес. Ал, сылтау іздеп, сылдыр сөзге салынып жүргендерден нәтиже шықпайтыны белгілі. Сондықтан сөзден іске көшетін уақыт жетті.

Аян ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Сарқан аудандық соты әкімшісінің басшысы.

ГЕНДЕР

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ АРТА ТҮСУДЕ

Қазіргі заманда гендер деген сөзді жиі еститініміз құпия емес. Өйткені, бұл кез келген мемлекетте өзекті мәселеге айналған. Қарапайым сөзбен түсіндіретін болсақ, гендерлік саясат дегеніміз, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады. Сондықтан гендерлік саясат мәселесіне жан-жақты қарау керек екенін заман ағымы алға тартып отыр.2000 жылдың қазан айында БҰҰ мың жылдық саммитінде БҰҰ мыңжылдық декларациясы қабылданды, ондағы белгіленген сегіз мақсаттардың бірі гендерлік теңдікті қолдау болып табылды.

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты және бостандықты орнатады. Гендерлік теңдік саясатының алға жылжуы үшін әйелдерге саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге араласу қажет. Демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті бекітуде қазақстан әйелдерінің рөлі ерекше. «Әке баласын тәрбиелейді, шешесі ұлтты тәрбиелейді» деген қазақ мақалы бекер айтылмаған. Ата-бабаларымыз да әйелді құрмет тұтқан. Содан да болса керек, ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген. Ал біз өмір сүріп отырған заманда әйелдердің қоғамдағы орны қандай? Бүгінгі әйел билік басында еркекпен иық тірестіріп жұмыс істеп жүр. Олар — ана, олар – жар, олар — қыз, олар — келін. Қызметтен де басқа қоғамдағы орындары бар. Ең бастысы — әйел қоғамның тең құқылы мүшесі.

Соңғы жылдары еліміз батыстық үлгідегі гендерлік саясатты пайдаланып, қызкеліншектердің құқығын қорғап, олардың қоғамдағы рөлін көтеру ісімен мемлекеттік деңгейде айналыса баста¬ды.Гендерлік тең құқықтық саласындағы мемлекеттік саясат, әйелдердің экономикалық және саяси өмірге қатысуларының кеңеюі, әлемдік қоғамдастықта жоғарғы бағаға ие болды.Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру әйелдер мен ерлердің өздерінің өмір сүру құқықтарын жынысқа байланысты кемсітусіз іске асыруы үшін барлық жағдай қарастырылған. Осы стратегияның нәтижесінде елімізде гендерлік саясат сәтті орындалып, билік тізгінін ұстаған қыз-келіншектердің саны арта түскеніне де көз жеткізудеміз.

Самал ҚАЛИМОЛДИНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ЖҰМЫЛДЫРУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңда көптеген елдерде кеңінен белең алып, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірген қылмыстың бірі. Ал осы көріністерді туындатқан салалар мемлекеттік үдерісті, қарышты дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, сондай-ақ мемлекет билігінің беделіне де нұқсан келтіреді. Сондықтан біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен салдарын нақты бағалап, осы қауіпті құбылыспен қатаң әрі табанды түрде ымырасыз әрі жоспарлы күрес жүргізуді басты мақсат етіп отырғаны мәлім.

Осы әлеуметтік кесел мемлекетіміздің басты құндылығы – Тәуелсіздігіміздің арқасында еліміз қол жеткізген жетістіктерге үлкен қатер төндіретінін, қоғамдық қатынастардың, әлеуметтік салалардың барлығына жағымсыз әсер етіп, қоғам мен мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, жалған бағыт-бағдар қалыптастыратыны құпия емес.

Құқықтық демократиялық мемлекет құрудың принциптерін бұзып, ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне нақты қауіп туғызады. Қазіргі сыбайластық-өзінің мүддесі үшін заңды айналып өту жолымен материалдық және заңдық артықшылықтар алу. Ол мемлекеттік ресурстармен әртүрлі қылмыстық құбылыстар өз-өзінен ұласып кете барады. Сыбайлас жемқорлық ұғымымен жалғыз пара алуды ғана баламалауға ғана болмайды, өйткені, бұл қылмыстың осы түрінің көп көріністерінің бірі ғана.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңесте сөйлеген сөзінде: «Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде», – деп атап көрсетті.

Сондықтан да біз сыбайлас жемқорлықтың жолын кесудің және қоғамда оның кезкелген көрінісіне ымырасыздық ахуалын қалыптастырудың жағдайын жүйелі түрде жасауға атсалысамсыз. Жемқорлықпен ел болып күресіп жатқанымызбен қоғамымызда әлі болса жемқорлықтың орын алуы, еліміздің экономикалық дамуы мен оның өркендеуіне кері әсерін тигізетіні баршамызға белгілі. Осыған байланысты тек құқық қорғау органдары ғана емес, барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар, бүкіл әлеумет, әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдауы керек, сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық. Егер жұртшылық болып жұмылсақ сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабуға мол мүмкіндік ашылары даусыз. Ендеше, көпшілікпен бірлесе жұмыс жүргізу шараларын жүйелі түрде ұйымдастырып отырса нұр үстіне нұр болар.

Думан ДОШКЕЕВ,
Талдықорған қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы.

ЛАУАЗЫМ

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ

Соңғы жылдары ғана пайда болып, бүгінгі таңда еліміздің сот жүйесінде кеңінен енген тергеу судьясы деген лауазым бүгінгі таңда баршаға таныс. Дегенмен, тергеу судьясының ерекшеліктері мен атқаратын міндеттері жайлы жұрттың бәрі біле бермейтіні де рас. Сондықтан тергеу судьясы жайлы бүгінгі шағын мақаламызда тағы да тілге тиек ете кетсек артық болмас.

Ең алдымен тергеу судьясының басты мақсаты өзіне қылмыстық құдалау функциясын қабылдамай, соттың бақылауын жүргізуді жүзеге асыруды көздейтін, қылмыстық процестегі тараптар мүмкіндіктерінің теңдігін, жеке адамға тиесілі конституциялық құқықтарының сотта қорғалуын, негізсіз айыптаудан және соттаудан, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының заңсыз шектелуінен қорғауды қамтамасыз ететін, яғни, тек заңның мүддесін қолдайтын процессуалдық дербес тұлға болып табылады.

Қылмыстық-процестік кодекстің 55-бабында тергеу судьясының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары барысында кездесетін кемшіліктерді жою үшін оған бірнеше өкілеттіктер берілген. Сотқа дейінгі өндірісте соттың бақылауын кеңейту және қылмыстық процесте жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының тиісті кепілдіктерін құру тергеу судьясының қатысуынсыз мүмкін емес. Бұған дейін түрлі тергеу әрекеттеріне санкция беру прокурордың, яғни айыптау тарапының құзырында болып келген.

Ендігі жерде, күзетпен ұстау, үйқамақта ұстау, лауазымнан уақытша шеттету, жақындауға тыйым салу, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту, кепілді қолдану, мүлікке тыйым салуды санкциялау тергеу судьясының құзыретіне берілген. Сондай-ақ, күзетпен ұсталынатын адамды сот психиатриялық және/немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру, мәйітті эксгумациялау, күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау секілді міндет те тергеу судьясына жүктелген.

Кейбір тергеу әрекеттеріне санкция беруден басқа тергеу судьясы сотқа дейінгі өндіріс кезінде тараптардың шағымдары мен өтініштерін қарайды. Айыпталушының бұлтартпау шарасына санкция беру тергеу судьясымен ашық сот мәжілісінде, айыптау және қорғау тараптарының қатысуымен қаралады. Мұндай процесте тараптардың жарыспалылық қағидасы неғұрлым толық іске асырылады және сотқа дейінгі өндірісте тараптың бірі - адвокаттың рөлі арта түседі.

Айнұр ЕСТАЙ,
Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Заң терминологиясында қылмыс пен жаза деген ұғымдар әрқашан қатар жүретінін әркім ақ байқаған шығар. Өйткені бұл екі сөз бірін бірі толықтырып тұртын сыңайлы. Атап айтсақ, қылмыс жасалса, міндетті түрде жаза тағайындалады. Алдыман осы қосарланып жүретін сөздердің мазмұнына үңіліп көрейікші.

Жалпы қылмыс дегеніміз – адам әрекетінің бір түрі. Қылмыс – Қазақстан Республикасының қылмыстық заңына сәйкес, жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті іс - әрекет немесе әрекетсіздік. Қылмыстық жаза – сот үкіметімен қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаға қатысты Қылмыстық кодексте белгіленген аталған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын айыруға немесе шектеуге бағытталған мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы.

Мәселен, екі немесе одан да көп адамның қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады. Бірігу қылмысқа қатысудың объективтік белгісі ретінде бірнеше адамдардың өз күштерімен бірлесіп әрекет жасауын білдіреді, олардың барлығы өз күштерін біртұтас қылмыстық нәтижеге қол жеткізуге бағыттайды. Қылмыстық нәтижеге қол жеткізу үшін күштерін біріктіргенде, қатысушылардың бірі қылмыстың объективтік жағын орындайды, ал басқалары қылмысты ойдағыдай жасауға және оны жасыруға барлық қажетті жағдайларды жасауға көмектеседі. Біріккен әрекеттер арқылы қол жеткізілген нәтиже барлық қатысушылар үшін біртұтас, ортақ бөлінбейді. Тек қасақана жасалған қылмыстардың ғана қылмысқа қатысы болуы мүмкін, ал қылмысқа қатысушы барлық адамдар қасақана түрде әрекет етеді.

Қылмысқа қатысушылардың рөліне байланысты, оларды орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші деп бөледі. Орындаушы — бұл нақты қылмыс құрамының объективті жағынан кіретін әрекеттерді толықтай немесе ішінара орындайтын адам. Ұйымдастырушы — қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам. Ұйымдастырушы ретінде көбіне нақты қылмыстарды тікелей жасаудан қашатын ең тәжірибелі, қауіпті қылмыскерлер болады. Көпшілік жағдайда ұйымдастырушы — бас бастамашы, негізгі басқарушы және қылмыс жоспарының авторы болады.

Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ФОНД - ДЕТЯМ»

КАЗАХСТАНСКИМ ДЕТЯМ НАЧИСЛЕНО 888 МЛН. ДОЛЛАРОВ США

В РАМКАХ ПРОГРАММЫ «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ФОНД - ДЕТЯМ» КАЗАХСТАНСКИМ ДЕТЯМ НАЧИСЛЕНО 888 МЛН. ДОЛЛАРОВ США

В сентябре 2022 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев в Послании народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» инициировал старт проекта «Национальный фонд – детям», сообщает Учёт.kz. В рамках данной инициативы казахстанским детям, которым еще не исполнилось 18 лет, в 2025 году начислено по 129,38 долларов США.

Забота о молодом поколении является безусловным приоритетом государственной политики. Сегодня казахстанские семьи могут рассчитывать на помощь государства на каждом этапе – от рождения ребенка до вступления его во взрослую жизнь. Инициатива Президента РК Касым-Жомарта Токаева направлена на повышение благосостояния будущих поколений, создание условий для успешного старта и поддержки образования молодых людей. Начиная с 2024 года ежегодно казахстанским детям начисляются средства из Нацфонда, включая инвестиционный доход, до достижения ими 18 лет.

«Мы создаем основу для улучшения качества жизни наших граждан и обеспечения лучшего будущего для наших детей», - Касым-Жомарт Токаев, Президент РК.

Программа «Национальный фонд – детям» нацелена на исполнение главной миссии – обеспечить каждому ребенку долю от национального богатства страны путем сбережения финансовых ресурсов посредством формирования накоплений для будущих поколений.

В 2024 году в программе «Национальный фонд – детям» приняли участие 6 919 131 человек (дети, рожденные с 2006 по 2023 год включительно), каждому из них было начислено по 100,52 долларов США. Общая сумма начисления составила 695,5 млн долларов США. Из общего количества детей, которым начислялись деньги из Нацфонда, 304 815 человек в 2024 году достигли 18 лет, суммарно им было перечислено 30,6 млн долларов США. Всего в 2025 году каждому ребенку начислено по 129,38 долларов США. У детей, которые участвуют в программе уже два года, общая сумма накоплений с учетом полученного инвестиционного дохода составила 232,94 доллара США.

Информация о начислениях по программе «Национальный фонд – детям» на портале eGov.kz и в мобильном приложении eGov Mobile отобразится 1 февраля 2025 года. Механизм выплат максимально простой. Информацию об участии ребенка в программе и начисленных суммах можно посмотреть на специально созданном сайте kids.enpf.kz, указав ИИН ребенка. Там же можно ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы. Данные о начислениях ребенку также можно увидеть в личном кабинете на портале egov.kz и в приложениях Halyk и Kaspi.kz.

Одна из важнейших задач государства – обеспечение равных возможностей для получения образования и приобретения жилья. Программа «Национальный фонд – детям» становится ощутимой поддержкой для молодых казахстанцев. Использовать накопленную сумму молодые люди смогут по достижении 18 лет. Накопления перечисляются на счета в ЕНПФ; подав заявку через приложение уполномоченных операторов (Отбасы банк и Народный банк), получатели могут направить их на улучшение жилищных условий и (или) оплату образования.

На 1 января 2025 года на эти цели была подана 66 571 заявка, из которых исполнена 53 001 на общую сумму 5 316,7 тыс. долларов США. На улучшение жилищных условий подано 34 388 заявок, исполнено 29 542 заявки и выплачено 2 964 тыс. долларов США. На оплату образования подано 32 183 заявки, исполнено 23 459 заявок и выплачено 2 352,7 тыс. долларов США.

В текущем году 6 921 035 детей участвуют в программе (дети рожденные с 2007 по 2024 год включительно), из них 324 430 детям в 2025 году исполняется 18 лет.

Использование средств Национального фонда для поддержки молодого поколения казахстанцев — стратегическое решение, направленное на устойчивое развитие страны. Данная инициатива способствует улучшению качества жизни и дает уверенность молодым казахстанцам в будущем.

МЕДИАЦИЯ

СПОСОБ ДЛЯ УСПЕШНОГО РАЗРЕШЕНИЯ СПОРА

Мы часто сталкиваемся, что в ходе осуществления физическими и юридическими лицами своей деятельности, пользования своими правами и выполнения обязанностей нередко возникают жизненные ситуации, при которых затрагиваются права и свободы других лиц, которые пытаются их защитить на основании закона. Но немало и таких, которые пытаются урегулировать конфликт иными способами: совершают самоуправство, привлекают третьих лиц для устрашения и запугивания должников, применяют физическое и психическое насилие и т.п. Такие методы защиты своих действительных или предполагаемых прав нередко граничат с нарушениями закона, и как следствие - влекут установленную законодательством ответственность.

Иногда встречаются и такие случаи, когда инициатива урегулировать конфликтную ситуацию (спор) исходит от лиц, которые избрали для себя способ зарабатывать на этом деньги. Нередко они, а также и лица, приглашенные конфликтующими сторонами для урегулирования спора, не имеют соответствующего образования и необходимых знаний, их деятельность никому не подконтрольна, они не несут никакой ответственности перед сторонами конфликта даже в том случае, когда своими действиями навредят им.

В целях создания для граждан и юридических лиц правовой основы для выбора способа разрешения возникшего спора (конфликта), в том числе и без обращения в соответствующие государственные органы, а также в целях упорядочения деятельности лиц, участвующих в урегулировании конфликтных ситуаций (медиаторов) 28 января 2011 года принят Закон Республики Казахстан "О медиации".

Медиация (от англ. mediation - посредничество) по своей сути означает содействие третьей незаинтересованной стороны двум или более другим в поисках соглашения в спорной или конфликтной ситуации, основными принципами которой является добровольность, равноправие сторон медиации, независимость и беспристрастность медиатора, недопустимость вмешательства в процедуру медиации и конфиденциальность.

С применением примирительных процедур любые дела искового производства, кроме дел, вытекающих из публично-правовых отношений, если иное не предусмотрено Гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан или законом, могут быть успешно разрешены.

Қымбат ЕГІНБАЕВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

АЛИМЕНТЫ

ОДУМАЙТЕСЬ ОТЦЫ!..

Любовь и поддержка – это основа счастливой и здоровой семьи. Дети нуждаются в постоянной заботе, внимании и понимании. Фраза "Дети – наше будущее" имеет глубокий смысл. Дети – это воплощение и реализация наших родительских неосуществленных желаний и надежд, мы желаем воспитать своего ребенка так, чтобы он добился большего успеха в своей жизни. Каждый родитель хочет, чтобы его ребёнок был лучше него. Однако, в наше время стало модным супругам разводиться ссылаясь по всяким пустякам, игнорируя интересы нажитых общих детей. И после развода «обиженный» бывший супруг наказывая свою бывшую жену будет стараться своевременно не уплачивать алименты под предлогом разных причин. Если уплачивать редко и то мизерные суммы. И поэтому, против таких лиц частный судебный исполнитель проводить работу в рамках закона принудительно заставить уплатить алименты своим родным детям установленном порядке.

Мужчины, не платящие алименты или делающие это нерегулярно, объясняют своё поведение приводя массу причин как: добровольная помощь ребёнку, отсутствие заявлений на алименты, нежелание бывшей супруги, отсутствие необходимости и договорённости между сторонами, редкие встречи с ребёнком, личный отказ, инициатива бывшей супруги на развод и юридическое непризнание отцовства. Но здесь главная причина уклонения от выплат алиментов это безответственность и неверное представление о семейных ценностях у человека. Есть категория отцов, которые убеждены в том, что они не обязаны воспитывать детей и нести за них моральную и материальную ответственность.

В отношении должников, уклоняющихся от уплаты алиментов на содержание своих несовершеннолетних детей принимаются самые строгие меры воздействия, направленные на принудительное исполнение требований исполнительного документа о взыскании алиментов.

Вместе с тем, статья 139 УК РК предусматривает уголовную ответственность за неисполнение обязанностей более трех месяцев родителем по уплате средств по решению суда на содержание несовершеннолетних детей, и устанавливает наказание в виде привлечения к общественным работам, ограничения свободы либо лишения свободы до двух лет.

Поэтому, одумайтесь отцы, которые избегаете своевременно уплачивать своим родным детям алименты, дети – это будущее нашей страны, общества и семьи. Здоровье и безопасность детей – это приоритет для любого родителя. Забота о них, воспитание и поддержка – это наша главная обязанность и долг.

Жомарт ЖОЛБОСЫНОВ,
ЧСИ области Жетысу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БОКС

БАҚТИЯР АРТАЕВҚА ВЭЛ БАРКЕР КУБОГЫ ҚАЙТАРЫЛДЫ

2004 ЖЫЛЫ ГРЕЦИЯ АСТАНАСЫ АФИНА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДА ОРТАША САЛМАҚТА (69 КГ ДЕЙІН) ӨНЕР КӨРСЕТКЕН БАҚТИЯР АРТАЕВ ОЛИМПИАДА АЛТЫНЫНЫМЕН ҚОСА ОЛИМПИАДАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ БОКСШЫСЫНА БЕРІЛЕТІН ВЭЛ БАРКЕР КУБОГІН ЖЕҢІП АЛҒАН БОЛАТЫН. БҮГІН КУБОК РЕСМИ ТҮРДЕ АРТАЕВҚА ҚАЙТА ТАБЫСТАЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ БОКС ФЕДЕРАЦИЯСЫ INSTAGRAM-ДАҒЫ РЕСМИ ПАРАҚШАСЫНДА.

Осы рәсімге байлагысты «Астанада Қазақстан бокс федерациясының президенті Шахмұрат Мүтәліп пен бокстан Олимпиада чемпионы Бақтияр Артаевтың қатысуымен кездесу өтті.

Федерацияның баспасөз қызметі мәліметінше, басқосудың негізгі мақсаты – Бақтияр Артаевқа Вэл Баркер кубогын табыстау.

Вэл Баркер Кубогы – Олимпиада Ойындарындағы үздік боксшыға берілетін қайталанбас жүлде.

2004 жылы Афинадағы бәсекеде чемпион атанған Бақтияр Артаев жарыстың үздік былғары қолғап шебері деп танылды. Артаев өз кубогын бірнеше жыл бұрын халықаралық ұйымға тапсырып, осы мәселе шешімін таппаған еді. Қазақстан бокс федерациясы әлемдік спорттағы құнды жәдігер саналатын жүлдені қайтару үшін нақты қадамдар жасады.

Осылайша, бүгін Вэл Баркер Кубогы өз иесін тапты», - делінген жазбада.

АЗИАДА

Астанадағы Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде IX қысқы Азия ойындарына Қазақстан ұлттық құрамасының спортшыларын салтанатты шығарып салу рәсімі өтті. Сары құрлық бәсекесі 7-14 ақпан күндері Қытай Халық Республикасының Харбин және Ябули қалаларында өтеді, деп хабарлайды Zakon.kz.

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫН САЛТАНАТТЫ ШЫҒАРЫП САЛУ РӘСІМІ

Іс-шара барысында IX қысқы Азия ойындарының ашылу рәсімінде Ту ұстайтын спортшы-ларға Қазақстан Республикасының Туы салтанатты түрде тапсырылды.

Харбиндегі Ойындардың ашылу салтанатында еліміздің байрағын хоккейден ҚР спорт шебері Әділ Бекетаев пен шорт-тректен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ольга Тихонова алып шығады.

Әділ Бекетаев Ту ұстаушы ретінде көпшіліктің алдына шығып, салтанатты түрде ант берді.

Қазақстан құрамасынан Ойындарға 137 спортшы қатысады.

Олар 6 спорт түрінен 10 дисциплинада (конькимен жүгіру спорты, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, биатлон, керлинг, шаңғы жарыстары, тау шаңғысы, фристайл, ски-альпинизм, шайбалы хоккей) өнер көрсетеді. Ұлттық команда 51 медаль жиынтығына таласады.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ӘЛЕМДІК ТУРНИРДЕ ЕКІ МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Астанада World Athletics Indoor Tour Gold сериясының кезеңі аяқталды. Жеңіл атлетикадан әлемдік турнирде Қазақстан құрамасы екі медаль жеңіп алды, деп хабарлайды Zakon.kz.

Бұл жетістіктің авторлары – Елизавета Матвеева мен Игорь Косолапов. Екі спортшы да биіктікке секіруде үшінші нәтиже көрсетті.

Ал, Давид Ефремов (60 метрге кедергілермен жүгіру), Дәйзи Джепкемей (3000 метр) және Надежда Дубовицкая (биіктікке секіру) жүлдеге бір қадам жетпей қалды.

«Жүлдегерлер қатарына еңбегеніме қарамастан, нәтижеме ризамын. Себебі бұл – маусымдағы алғашқы жарыс, дайындық қиын болды. Бірақ жақсы өнер көрсеттім деп айта аламын. Әрине, бұл менің ең жақсы нәтижем емес, бірақ жарақаттан кейін жүктелген міндеттерге дайындалуға мүмкіндігім болмады. Дегенмен, 184 сантиметрге секірдім. Өзімді мақтан тұтамын. Осылайша, қысқы турнирлерде өнер көрсетуімді аяқтаймын. Дәрігерлермен, бапкерлермен кеңесе отырып, толық емделіп, жазғы маусымға дейін денсаулығымды жақсартуға және дайындалуға шешім қабылдадық. Жүктемелерді ағзам көтере алатындай етіп қабылдауға тырысамыз, әрі бұрынғыдай жарыстарды өткізіп алмауға жұмыс жасаймыз», - деді жабық алаңдағы әлем чемпионатының қола жүлдегері Надежда Дубовицкая.

Айта кетейік, Astana Indoor Meet for Amin Tuyakov Prizes жарысында барлық фаворит жеңіс тұғырына көтеріле алмады. Мысалы, екі дүркін Олимпиада чемпионы Андре Де Грасс (Канада) және Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, үш дүркін әлем чемпионы Ниа Али (АҚШ) жүлдесіз қалды. Танымал кедергімен жүгіруші Али жарақатына байланысты іріктеу кезеңін сәтті аяқтай алмады.

КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУ

АЛИНА ӘЛЕМ КУБОГЫНДА АЛТЫН АЛДЫ

КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУШІ АЛИНА ДАУРАНОВА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ КУБОГЫ КЕЗЕҢІНДЕ АЛТЫН МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ. КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУДЕН ҚАЗАҚСТАН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚҰРАМАСЫНЫҢ СПОРТШЫСЫ АЛИНА ДАУРАНОВА ИТАЛИЯНЫҢ КОЛЛАЛЬБО ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КЕЗЕҢІНДЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.

Дауранова 1000 метр қашықтықта бірінші болып мәре сызығын кесіп, алтын жүлдеге ие болды. Бұл қашықтықта күміс жүлдені италиялық Мэйбрит Вигль, ал қола медальді норвегиялық Инна Накен иеленді.

Қазақстандық Арина Ильященко қола медальға бір қадам жетпей, төртінші орын алса, Алёна Лифатова бесінші нәтиже көрсетті.

ФРИСТАЙЛ

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫН ЖЕҢІП, ӘЛЕМ КУБОГЫНДА МЕДАЛЬ АЛДЫ

ФРИСТАЙЛ-МОГУЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ СПОРТШЫСЫ АНАСТАСИЯ ГОРОДКО КАНАДАНЫҢ ВАЛ-СЕНТ-КОМ КУРОРТЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КЕЗЕҢІНДЕ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ OLYMPIC.KZ.

Спортшы параллельді могулда сәтті өнер көрсетті. Жарыс барысында Городко жартылай финалда Францияның олимпиада чемпионы Перрин Лаффонды жеңді.

Шешуші жарыста қазақстандық спортшы АҚШ өкілі Джейлин Кауфпен кездесті. Нәтижесінде американдық спортшы басымдық танытты.

Қола медальды Лаффон иеленсе, Юлия Галышева тоғызыншы орынға, ал Аяулым Әмренова 13-орынға тұрақтады.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

Сантехникалық жұмыстар жасаймын.
Тел: 8 747 388 83 66

Сантехникалық жұмыстар жасаймын.
Тел: 8 705 726 99 18

Жүк жеткізіп береміз, эвакуатор да бар. Қала іші мен қалааралық бағыттарға барамыз.
8 705 555 96 31

• Мектеп асханасына наубайшы керек. **8 707 343 29 86**

• Қолдың сары майы мен құрт сатамыз. Қапал ауылынан келеміз **8 771 559 9582**

• Жөндеу жұмыстарынан кейін үй жинаймыз, тазартамыз. **8 708 568 04 16**

• Жүк машинасымен жүк тасимын. Тел: **8 707 585 14 70**

• Құрылыс және әрлеу жұмыстарының барлық түрін жасаймыз: дәнекерлеу, қабырғаларға левкас, ламинат, декор панель, т.б. 8 700 981 09 83

• Отын кесемін тел: **8 708 621 74 96**

• Ауылды жерде фазенда сатылады, үй 2 қабатты, ішінде су, свет, душ, дәретхана бәрі бар. Қыстық-жаздық қорасымен, жайылымға ыңғайлы. Малға жайлы жер. Бөліп төлеуге келісемін. Баға келісімді.
8 778 520 53 73.

• Талдықорғанда «Мерекелік» саяжайда үй сатылады. 4 бөлмелі. Монша бар. Су, свет, газ бәрі келіп тұр. Тел: **8 707 991 05 09**

Заказ қабылдаймын ИП Ұлан
8 702 408 26 57

Мына куәлікті тауып алдық. Іздеп жүрсеңіз хабарласыңыз. Тел: **8 705 359 09 74**

Пирогтар пісіруге тапсырыс қабылдаймын. **Тел: 8 708 789 65 48**

ДЕЗИНФЕКЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

Адамдар мен Үй жануарлары үшін қауіпсіз тек сертификатталған дезинфекциялық құралдар

Дезинфекциялық жұмыстарды заманауи және қуатты, жоғары сапалы құралмен жүргізу. Тарақандар мен құмырсқалардан, бүргелерден және т.б. жәндіктерді 100% иіссіз, кәсіби және қауіпсіз жою.

20-60 минут ішінде барамыз

24/7 жұмыс істейміз.

1 айға дейін кепілдік және жеңілдіктер де бар.

Тел: 8 702 668 88 90



Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Зарина БЫЖЫБЕК – корректор-журналист

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

***Редакция мекенжайы:** 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.*

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 153
Индекс 15534